



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТҰРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫНЫҢ КӨПДЕҢГЕЙЛІ БОЛУЫ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ



Қазақстанда тұрғын үй құрылысының көлемі артып, мемлекет тарапынан баспанамен қамтуға бағытталған қолдау тетіктері кеңейіп келеді. Жеңілдетілген ипотека, жалдамалы тұрғын үй, жалдау ақысын субсидиялау, сатып алу құқығымен жалға беру, ауылдық жерлерде іске қосылған жаңа тетіктердің барлығы тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталған. Бірақ бәрібір де салынып жатқан баспана азамат үшін қаншалықты қолжетімді деген сұрақтың басы ашық тұр.

(Жалғасы 3-бетте)



РУХ

ЕЛ ҮМІТІН АҚТАҒАН ЕР

2016 жылы Алматы қаласында болған теракт оқиғасына 10 жыл болды. Екі миллионнан астам тұрғыны бар Алматы қаласын 18 шілдеде дүрліктерген оқиға әлі күнге дейін ел есінде. Сол күні жөй уақытта қарбалас тіршілік қайнап жататын көшелерде тыныштық орнап, адам аяғы сиреп қалды. Себебі ватсап мессенжері арқылы тараған көшедегі атыс, әр көшеде қанға боялып жатқан полиция қызметкерлерінің фотолары қорқыныш ұялатқан еді. Қала үрей құшағында қалды. Оның үстіне алыпқашпа сөз, жалған ақпараттар да көпшілікті үрейлендіре түсті.



Иә... сол күні Алматы көшелерінде өз міндеттерін атқарып жүрген бірнеше полиция қызметкері мен бір шекара қызметкерінің, бір бейбіт тұрғынның қарулы қылмыскердің оғынан қаза тапқаны рас. Әп-сәтте он адамның өмірін қиған қанішердің қанқұйлы әрекеттерін тоқтатқан – Алматы қаласы мамандандырылған күзет қызметі басқармасының полиция старшинасы Аян Ербоғанұлы Ғалиев болатын.

Оқиғаның мән-жайына оралсақ, Аян Ғалиев 2016 жылғы 18 шілде күні аса маңызды мемлекеттік мекемені күзету бойынша кезекшілікке түскен еді. Түске қарай полиция старшинасы А. Ғалиев көшеде атылған оқтың және көмек сұраған адамдардың дауысын естиді де, жанындағы серіктесіне басқармадағы жедел кезекшіге дереу хабарлауға нұсқау беріп, өзі болып жатқан жағдайға көз жеткізу үшін далаға шығады.

Сол кезде қару асынған адамды көріп айналадағы адамдарды қарулы қылмыскерден қорғау үшін шұғыл әрекет ету қажет екенін түсінеді. Аян Ғалиев өзі күзететін Мемлекеттік мекемені және бейбіт тұрғындардың өмірін қорғауды ойлап, өзіне қарай оқ жаудырған қарулы қылмыскерге қарсы қызметтік тапаншасынан оқ атады. Қылмыскердің оғынан өзі ауыр жарақат алғанына және бірнеше саусағының жұлынып кеткеніне қарамастан өзіне қарсы келе жатқан қылмыскерді бірнеше жерден жаралап үлгереді. Ауыр дене жарақатын алған қылмыскер оқ атуын тоқтатып, жол бойында бүк түсіп отырып қалады. Осы кезде оның қолына кісен салып, қолға түсіргенімен, Аянның өзі қылмыскердің оғынан қаза тапқан еді.

Айналдырған жарты сағатқа жетпейтін уақыт ішінде айналасына ажал оғын сеуіп, он бірдей адамды атып өлтірген қылмыскер Қызылорда облысының тумасы 27 жастағы Руслан Күлекбаев болып шықты.

Қанды оқиға салдарынан ел тыныштығын қорғау қызметінде жүрген өрімдей полиция қызметкерлері мен бейбіт тұрғындар осылайша қас-қағым сәтте ғайыпқа айналып кете барды.

Осы оқиғадан соң іле-шала қалада «Жедел ұстау» арнайы операциясы жарияланып, барлық қару-жарақ сататын дүкендер және сауда орындары, қоғамдық орындардың, екінші деңгейлі банктердің бөлімшелері жабылды. Теміржол, әуежайларда сақтық шаралары күшейтіліп, полиция қызметкерлері қала тұрғындарына үйлерінен шықпау туралы хабарлады. Бұл оқиғаға қатысты Қауіпсіздік кеңесінің шұғыл жиыны өткізіліп, Мемлекет басшысы қаза тапқандардың отбасыларына тиісті психологиялық және материалдық қолдау көрсетуді тапсырды.

Іле-шала Алматыға арнайы ұшып келген сол кездегі Ішкі істер министрі Қалмұханбет Қасымов дереу брифинг өткізіп, бұқаралық ақпарат құралдарына нақты деректерді жеткізді. Министр құдіктінің бұрын заңсыз қару сақтағаны және қарулы шабуыл жасағаны үшін екі рет сотталғанын және қылмысты құқық қорғау орган қызметкерлерінен ош алу мақсатында жасағанын мәлімдеді. Қылмыскердің соңғы уақытта Алматы облысы Іле ауданына қарасты Ынтымақ ауылында тұрып, ұялы телефондар сатумен айналысқаны анықталды.

(Жалғасы 5-бетте)



ПАЙЫМ

Құқықтық мемлекеттің басты құндылығы – заңның үстемдігі, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы және қоғамдағы әділеттіліктің орнығуы. Мемлекеттің тұрақты дамуы мен қоғамдық келісімнің берік болуы ең алдымен заңға деген құрмет пен құқықтық тәртіптің сақталуына байланысты.

ЗАҢДЫ САҚТАУ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ СЕЗІНУМЕН ТАМЫРЛАС

Заң мен тәртіп ұғымы бір-бірімен тығыз байланысты. Заң – қоғамдағы қарым-қатынастарды реттейтін негізгі құрал болса, тәртіп – сол заң талаптарының күнделікті өмірде орындалуының нақты көрінісі. Заң талап етіліп қана қоймай, әрбір азамат пен мемлекеттік орган тарапынан мүлтіксіз сақталған жағдайда ғана құқықтық мемлекет қалыптасады.

Көп жылдар бойы сот саласында қызмет атқарған судья ретінде бір нәрсеге анық көз жеткізуге болады: қоғамдағы көптеген даулар мен құқық бұзушылықтардың түпкі себебі – заң талаптарын білмеу ғана емес, кей жағдайда оны елемей, өз құқықтарымен қатар міндеттерін де дұрыс түсінбеу. Сондықтан заң мен тәртіпті қамтамасыз ету тек құқық қорғау органдарының немесе сот жүйесінің міндеті деп қабылдау дұрыс емес. Бұл – бүкіл қоғамға ортақ жауапкершілік.

Құқықтық мемлекеттің ең басты қағидаларының бірі – заң алдында барлығының тең болуы. Қызметтік лауазымына, әлеуметтік жағдайына, материалдық мүмкіндігіне немесе қоғамдағы мәртебесіне қарамастан, әрбір адам заң талаптарын сақтауға міндетті.

Заңның беделі оны бұзған адам міндетті түрде жауапқа тартылған кезде ғана емес, заң талаптарының баршаға бірдей қолданылуымен қалыптасады. Заңның әділдігіне сенген жағдайда ғана азаматтың мемлекетке, сотқа және құқықтық институттарға деген сенімі артады. Осы ретте сот билігінің қоғамдағы орны ерекше. Соттың негізгі міндеті – заңға сүйене отырып, құқық пен бостан-

дықтарды қорғау, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру және әділ шешім қабылдау. Судья үшін әрбір іс – жай ғана құжаттар жиынтығы емес. Оның артында адамның тағдыры, отбасының жағдайы, мүлкі, абыройы, кейде бостандығы тұр. Сондықтан сот төрелігін жүзеге асыру кезінде заң нормаларын дұрыс қолданумен қатар, әділеттілік, объективтілік, бейтараптық және адам құқықтарын құрметтеу қағидаттары ерекше маңызға ие.

Сот шешімі заңға негізделумен бірге қоғамда әділдік сезімін қалыптастыруға ықпал етуі тиіс. Заң мен тәртіпті қамтамасыз ету тек жазалау шарасымен шектелмейді. Нағыз құқықтық тәртіп заңды ішкі қажеттілік ретінде қабылдаудан басталады. Жол қозғалысы ережесін сақтау, басқа адамның құқығына құрметпен қарау, сот актісін орындау, мемлекеттік қызметшінің қызметтік әдеп нормаларын ұстануы, сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуі – мұның барлығы заң мен тәртіп мәдениетінің көріністері.

Қоғамда «менің әрекетім басқа адамға қалай әсер етеді?» деген жауапкершілік сезімі қалыптасқан кезде құқық бұзушылықтың алдын алуға мүмкіндік артады. Сондықтан құқықтық мәдениетті қалыптастыруды балалық шақтан бастау қажет. Мектептегі құқықтық тәрбие, жоғары оқу орындарындағы құқықтық білім, мемлекеттік органдардың халықпен құқықтық түсіндіру жұмыстары – заңды құрметтейтін қоғам қалыптастырудың маңызды элементтері.

(Жалғасы 2-бетте)

3-БЕТ



Қателескен
адамның қайта
тұруға қақысы бар

4-БЕТ



Ахмет –
ҰЛТ ҰСТАЗЫ

8-БЕТ



Көлеңкедегі
тамыр

БАҒДАР

Тіл – халықтың ең қадірлісі, көзінің қарашығындай сақтап келе жатқан ең қымбат қазынасы. Себебі әлемдегі ұлттар мен ұлыстарды бір-бірінен даралайтын – тілі. Осы тіл арқылы әрбір ұлттың салт-санасы, өдет-ғұрпы, ұлттық құндылықтары мен төл тарихы қалыптасты. Ұлттық болмысын айқындайтын, ұлт тарихынан тамыр тартатын ең қадірлісі. Қазақтың дала заңдары да осы тіл арқылы тас-паланған.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛГЕ ДЕГЕН ҚҰРМЕТ КЕМІМЕЙДІ

Дала заңдарының бастауында тұрған Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, әз-Тәукенің Жеті жарғысы да осы тілмен өріліп, тіл арқылы тыңғылықты жазылған. Ендеше ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, ұлтқа ғасырлар бойы қызмет етіп келе жатқан тілдің құнын түсірмей, құнарын төмендетпей келер ұрпаққа табыстау баршамыздың қасиетті борышымыз.

Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі. Еліміз тәуелсіздік алған сәттен бері мемлекеттік тілдің маңызын арттырып, мәртебесін биіктетуге бағытталған іс-шаралар бір сәт те тоқтаған емес. Оған тірек болар заңымыз да мықты, ынта-ықыласымыз да жоғары. Себебі еліміздің Ата Заңының өзі мемлекеттік тілдің ел территориясындағы басымдығына кепілдік беріп тұр. Бұл үрдіс биылғы жылы барша халық бір кісідей дауыс берген жана Конституцияда көрініс тапқан. 2026 жылдың 15 наурызында қабылданып, 1 шілдеден бері қолданысқа енгізілген Бас құжаттың 9-бабында: «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында қазақ тілімен қатар орыс тілі ресми түрде қолданылады» деп жазылған. Мемлекеттік тілдің мәртебесін айқындау – тек құқықтық норма ғана емес, елдің болашақ даму бағытын айқындайтын айрықша таңдау. Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Конституцияда қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі орны бұрынғыдан да анық әрі нақты көрсетілгені ертенгі күнге деген сенімімізді нығайтады.



Тәуелсіз соттың да тірек етері – мемлекеттік тіл. Мұны республикамыздың түкпір-түкпіріндегі кез келген сот ғимаратына кіргенде сезінеріңіз анық. Соның ішінде 2025 жылғы 1 шілдеден бастап жұмысына кіріскен Азаматтық

істер жөніндегі кассациялық сотта да мемлекеттік тілдің мерейін өсіруге қатысты жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Кассациялық сот – жергілікті және апелляциялық соттардың заңды күшіне енген шешімдерін тексеріп, құқықтық әділдікті қамтамасыз ететін маңызды саты. Сот әділдігін қамтамасыз ету, сот жұмысының сапасын жақсарту, сотқа деген халықтың сенімін нығайту мақсатында құрылып, бір жылдан бері өзіне жүктелген міндетті мінсіз атқарып келе жатқан кассациялық сот мемлекеттік тілді қолдануда да өзге соттарға үлгі болып келеді. Бүгінгі таңда Азаматтық істер жөніндегі кассациялық соттың судьялары мен сот қызметкерлері қазақ тілін жетік біліп қоймай, іс құжаттарын мемлекеттік тілде сауатты рәсімдеуге тұрақты көңіл бөлуде. Бұл ең алдымен сот орбитасына тартылатын азаматтар құқығын жан-жақты, кемшіліксіз қорғау үшін керек. Себебі өз құқығын өз ана тілінде қорғай алмай, құқығы шектелген азаматтың сот жүйесіне деген сенімі төмендейтіні талас тудырмайды.

Азаматтық процестік кодексте дәйектелгендей азаматтардың өзі жетік білетін, өз ойын еркін жеткізе алатын тілде сотқа жүгініп, өз құқығын қорғауына ешқандай кедергі жоқ. Бұған қоса, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сай сот өндірісі бойынша іс жүргізілетін тілді білмеген немесе жеткілікті меңгермеген кез келген азаматтың аудармашы қызметін тегін пайдалануына құқығы бар. Аудармашы сот құжаттарын аударып қоймай, өз уәжін жеткізе алмай тұрған азаматтардың айтқанын дәл, нақты, жылдам аударуға көмектеседі. Аудармадағы қателіктерге аудармашы толық жауаптылықта болады. Сондықтан әрбір сөздің өз мағынасында аударылуына мамандардың өздері де мүдделі, әрі мұндай жауаптылықты кез келген аудармашы жақсы түсінеді.

Сондай-ақ «Сот кабинеті» бірыңғай жүйесіндегі қызметтің бәрін мемлекеттік тілде алуға еш кедергі жоқ. Жалпы кез келген азаматтың сотқа мемлекеттік тілде жүгініп, құжаттарын өзі сұраныс жасаған тілде алуы қалыпты жағдай. Мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтуге бағытталған іс-шаралар алдағы уақытта жалғасын таба береді.

Аянбек ТОҚСАНБАЕВ,
Азаматтық істер жөніндегі кассациялық соттың судьясы

БІЛГЕН ЖӨН

ӘКІМШІЛІК АКТІГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ЖАЛПЫ ТАЛАПТАР

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыруға байланысты қатынастарды реттейді.

Әкімшілік рәсім – бұл әкімшілік органның әкімшілік істі қарау, ол бойынша шешімді қабылдау және орындау жөніндегі қызметі. Әкімшілік рәсімді қозғауға жеке және заңды тұлғалардың жолданымы немесе әкімшілік органның бастамасы негіз болып табылады. Әкімшілік істі лауазымды адам жеке-дара, заңнамада көзделген жағдайларда алқалы құрам қарайды.

Рәсімге қатысушыға алдын ала шешімге өз ұстанымын білдіру үшін тыңдау жүргізіледі. Әкімшілік істі қарау нәтижесінде әкімшілік акті қабылданады немесе рәсімді тоқтату туралы шешім шығарылады. Бұл ретте, әкімшілік акт заңды, негізделген және түсіну үшін анық болуға тиіс. Әкімшілік актіні қабылдауда әкімшілік рәсімдер бұзылса, мұндай бұзу дұрыс емес әкімшілік акт қабылдауға алып келсе не алып келуі мүмкін болса, әкімшілік акті заңсыз деп танылуы мүмкін. Мәні бойынша дұрыс әкімшілік акт бір ғана формальды негіздер бойынша заңсыз деп таныла алмайды. Егер әкімшілік орган белгіленген мерзімде әкімшілік актіні қабылдамаса, онда бас тартылды деп есептеледі.

Жеке және заңды тұлға әкімшілік актімен келіспеген жағдайда, үш айдан кешіктірмей оған жоғары тұрған әкімшілік органға шағым беруге құқылы. Бұл әкімшілік органға өз қателіктерін, кемшіліктерін жоюға, біртектес әкімшілік актілерді қабылдауға және бұзылған құқықтарды жылдам қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Ф.АБДУКАДЫРОВА,
Түркістан облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы

ПАЙЫМ

ЗАҢДЫ САҚТАУ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ СЕЗІНУМЕН ТАМЫРЛАС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Сот – заң мен әділет арасындағы алтын көпір. Сот жүйесінің жұмысына қойылатын талап әрдайым жоғары. Себебі сотқа жүгінген азамат көбіне өзінің ең маңызды мәселесінің шешімін күтеді. Судьяның кәсіби тәжірибесі қаншалықты мол болғанымен, ол әрбір істі заң шеңберінде, тараптардың дәлелі мен ұсынылған дәлелдемелерді жан-жақты зерттей отырып қарауы қажет. Судьяның жеке пікірі немесе қандай да бір сыртқы



Құқықтық мемлекетте заң баршаға ортақ болуы тиіс. Ал әділеттілік - сол заңның дұрыс әрі адал қолданылуы арқылы жүзеге асады. Сот жүйесінде ұзақ жылдар қызмет етіп келе жатқан судья ретінде айтарым: заңның күші тек оның жазылған нормаларында емес, сол нормаларға адамдардың сенімінде және оны орындауға деген ішкі жауапкершілігінде. Заңды құрметтеген қоғамда адам құқығы қорғалады. Адам құқығы қорғалған жерде әділеттілік орнығады. Әділеттілік орныққан жерде мемлекетке деген сенім нығаяды. Сондықтан «Заң мен тәртіп» - белгілі бір кезеңге арналған ұран емес, құқықтық мемлекеттің күнделікті өмірдегі басты қағидаты болуы тиіс

ықпал сот төрелігінің нәтижесіне әсер етпеуге тиіс. Тәжірибелі судья үшін кәсіби біліктілік тек заң нормасын жақсы білуімен өлшенбейді. Ол – заңды дұрыс түсіну, оны нақты жағдайға сауатты қолдану, процесс қатысушыларының құқықтарын сақтау, шешім қабылдауда ішкі сенім мен жауапкершілікті үйлестіре білу. Сот төрелігінің сапасы қоғамның сотқа деген сеніміне тікелей әсер етеді. Ал сотқа деген сенім – құқықтық мемлекеттің маңызды көрсеткіштерінің бірі.

Кейде заң талабын орындау тек жауапкершіліктен қоркумен байланыстырылады. Алайда заңды сақтау жасадан қорыққандықтан емес, заң алдындағы жауапкершілікті сезінуден туындауы қажет. «Заң маған не береді?» деген сұрақпен қатар «Мен заңды сақтау арқылы қоғамға қандай үлес қосамын?» деген түсінік қалыптасуы керек. Әр азамат өз құқығын білгені сияқты, өз міндетін де білуі қажет. Өйткені

құқық пен міндет – бір-бірінен ажырамайтын ұғымдар. Мысалы, адамның сот арқылы өз құқығын қорғауға толық қажысы бар. Бірақ сотқа құрметпен қарау, сот процесінің тәртібін сақтау, сот актілерін орындау – оның құқықтық міндетінің бірі. Осы қарапайым қағида-тардың сақталуының өзі қоғамдағы құқықтық мәдениеттің деңгейін көрсетеді.

Құқықтық мемлекетті құру тек мемлекеттік органдардың қызметіне байланысты емес. Оның негізін азаматтардың құқықтық санасы мен жауапкершілігі құрайды. Мемлекеттік қызметші заң талаптарын сақтауы керек. Кәсіпкер өз қызметін заң шеңберінде жүргізуі тиіс. Ата-ана баласына заңды құрметтеуді үйретуі қажет. Ал жас ұрпақ өз құқықтарын бірге қоғам алдындағы жауапкершілігін түсінуі маңызды. Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, қызметтік міндеттерді адал орындау, азаматтардың құқықтарын

БАСТАМА

Мемлекет басшысының былтырғы жолдауы «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» деген тақырыппен халыққа таныстырылды.

Осы стратегиялық құжатта бүгінгі әлемдік сын-қатерлер, ертенгі қадамдар, ел тыныштығы мен мемлекет тұрақтылығын сақтаудың басты тетіктері толық қарастырылған. Сонымен бірге Президент: «Жасанды интеллекттің қарқынды дамуы қазірдің өзінде халықтың, әсіресе, жастардың мінез-құлқы мен болмыс-бітіміне әсер етіп жатыр. Басқаша болуы мүмкін емес. Себебі бұл үрдіс бүкіл әлемде қалыптасқан тәртіпті және адамдардың өмір сүру салтын біржола өзгертуде. Біз бұған дайын болып, баetyl әрекет етуіміз керек. Өйтпесе артта қалудың салдары өте ауыр болады. Сондықтан мен алдымызға өте маңызды стратегиялық мақсат қойдым. Қазақстан үш жыл ішінде міндетті түрде жаппай цифрлық ел болуы керек. Біз жаппай цифрландыру және жасанды интеллект технологиясын барынша енгізу арқылы экономиканы жаңғыртуымыз қажет» деп ендігі жоспарымызды айқындап көрсетті.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сай кешенді жұмыстар қолға алынып, нәтижесінде Цифрлық кодекс қабылданып, елімізде Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің құрылып, қызметіне кіріскені белгілі. Басқа құрылымдармен қатар

ЖИ: АЛГОРИТМ АДАМДЫ АЛМАСТЫРА АЛМАЙДЫ

сот саласы да өз қызметіне сандық технология тетіктерін енгізіп, жасанды интеллект жетістіктерін тиімді пайдаланып келеді. Жасанды интеллект төрелік алаңындағы судьяның орнын алмастырмағанымен, оның күнделікті қызметін айтарлықтай жеңілдетіп отырғаны рас. Бұл өз кезегінде соттың жұмыс тиімділігін жақсартты.

Сот саласында жаңа технологияны енгізу бағытындағы жұмыстар сот өндірісіне түскен материалдарды судьяларға компьютердің көмегімен автоматты бөлуден басталды. Кейіннен «Төрелік», «Сот кабинеті» сервистері арқылы сотқа шағымдар мен сұраныстарды онлайн жолдауға жол ашылды. Ал республикадағы барлық сот мәжіліс залдарының толықтай дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен жабдықталуы процестерді таспаға түсіруге ғана емес, сонымен бірге куәгерлерді қашықтан сөйлетуге, істерді онлайн қарауға көмегін тигізді. Қазіргі кезде сот жұмысына енгізілген жасанды интеллект жетістіктері уақыт өткен сайын жетілдіріліп келе жатыр. .

Өрине, жасанды интеллект ақпараттың үлкен көлемін айтарлықтай жылдам өңдеуге мүмкіндік беруімен құнды. Сондай-ақ республика бойынша қаралған ұқсас істерді тауып, судьяның қателеспеуіне жол ашады. Бұл сондай-ақ судьяның нақты қандай заң, нормативтік құқықтық актілер шеңберінде дайындалуына бағыт-бағдар нұсқайды. «Ақылды көмекші» қылмыстық істі қараған судьяға ұқсас сот үкімдерін таңдап беретіні де оң үрдіс.

Жасанды интеллект тек ұқсас істерді көрсетіп, заңдар тізбегін нақтылауға көмектескенімен, судьяның қы-

құрметтеу, мемлекеттік институттарға деген сенімді нығайту – заң мен тәртіп қағидатының нақты көріністері.

Әсіресе мемлекеттік қызметшілер үшін бұл талаптың маңызы зор. Себебі мемлекеттік орган өкілі қабылдаған әрбір шешім азаматтың тағдырына әсер етуі мүмкін. Сондықтан мемлекеттік қызметтегі адалдық пен заңдылық – жай ғана кәсіби талап емес, қоғам алдындағы моральдық және құқықтық жауапкершілік. Заң мен тәртіп – мемлекеттің тұрақтылығы мен қоғамның қауіпсіздігінің ғана емес, оның болашағының да негізі.

Құқықтық мемлекетте заң баршаға ортақ болуы тиіс. Ал әділеттілік – сол заңның дұрыс әрі адал қолданылуы арқылы жүзеге асады. Сот жүйесінде ұзақ жылдар қызмет етіп келе жатқан судья ретінде айтарым – заңның күші тек оның жазылған нормаларында емес, сол нормаларға адамдардың сенімінде және оны орындауға деген ішкі жауапкершілігінде. Заңды құрметтеген қоғамда адам құқығы қорғалады. Адам құқығы қорғалған жерде әділеттілік орнығады. Әділеттілік орныққан жерде мемлекетке деген сенім нығаяды. Сондықтан «Заң мен тәртіп» – белгілі бір кезеңге арналған ұран емес, құқықтық мемлекеттің күнделікті өмірдегі басты қағидаты болуы тиіс. Заңға құрмет – тәртіптен басталады. Тәртіп – жауапкершіліктен басталады. Ал жауапкершілік – әрқайсысымыздың өзімізден басталады.

Нұржан ҚАДІРБЕК,
Жамбыл облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы

Айгерім ТІЛЕПОВА,
Жетісу аудандық №2 сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ТҰРҒЫН ҮЙ САЯСАТЫНЫҢ КӨПДЕҢГЕЙЛІ БОЛУЫ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Орталық коммуникациялар қызметінде өткен «Азаматтарды қолжетімді баспанамен қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік қолдау шаралары» тақырыбындағы брифингте тұрғын үй саласының қазіргі ахуалы мен жаңа тетіктері таныстырылды. Брифингте ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің төрағасы Бақытжан Жүнісбеков, «Отбасы банк» басқарма төрағасының орынбасары Жансұлтан Матай және «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» басқарма төрағасының орынбасары Исламбек Қайырбеков қатысып, осы салаға қатысты мәліметтерді ортаға салып, журналистер сауалына жауап берді. Олар ортаға салған деректер тұрғын үй саясатының ауқымын ғана емес, алдында тұрған міндеттің күрделілігін де көрсеткендей.

2026 жылы Қазақстанда 20,4 млн шаршы метр тұрғын үйді немесе шамамен 188 мың пәтерді пайдалануға беру жоспарланыпты. Оның 29,6 мыны мемлекеттік қолдау аясында салынбақ. Ал жылдың алғашқы сегіз айында 11,3 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген. Бұл жылдық жоспардың 55,3 пайызы. Ал, ел бойынша тұрғын үй кезегінде 988 мыңнан астам азамат тұр. Оның шамамен 459 мыңы әлеуметтік осал санатқа жатады. Міне, мәселенің ауқымы осы екі көрсеткіштің арасынан көрінеді. Бір жағынан, құрылыс көлемі артып келе жатса, екінші жағынан, баспанаға мұқтаж азаматтардың саны да әлі жоғары. Демек, тұрғын үй саясатының нәтижесін тек пайдалануға берілген шаршы метрмен өлшеу жеткіліксіз. Жыл сайын қанша үй салынғанынан бұрын, сол үйлердің қаншасы нақты мұқтаж азаматтарға қолжетімді болғаны маңызды.

Брифингте тұрғын үйге мұқтаж азаматтарға арналған бірнеше бағыт-



тағы қолдау шаралары жайлы да айтылды. Мәселен, биыл 155,5 млрд теңгеге 12,6 мың кредиттік тұрғын үй салу және сатып алу, әкімдіктерге облигациялық қарыз беру арқылы 269 млрд теңгеге 13,5 мың жалдамалы тұрғын үй салу жоспарланған екен. Бұған қоса жалпы сипаттағы трансферттер есебінен 71,9 млрд теңгеге 3,5 мың жалдамалы тұрғын үй сатып алу көзделіп отыр.

Жылдың алғашқы сегіз айында азаматтарға 12 653 жалдамалы пәтер берілген. Яғни, мемлекет тұрғын үй мәселесін шешудің бір ғана жолын емес, бірнеше тетікті қатар ұсынып отыр. Бұл – маңызды өзгеріс. Өйткені барлық азаматтың қаржылық мүмкіндігі бірдей емес. Біреуге ипотека қажет болса, екіншісіне жалдамалы үй керек, үшіншісіне жалдау ақысын субсидиялау маңызды, төртіншісі бастапқы жарна жинай алмайды. Енді бір азаматтың тұрақты табысы болғанымен, нарықтағы тұрғын үй бағасы оның мүмкіндігінен жоғары. Сондықтан тұрғын үй саясатының көпдеңгейлі болуы – уақыт талабы.

Брифингте «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» өкілі Исламбек Қайырбеков тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыру тек дайын пәтер берумен шек-

телмейтінін атап өтті. Оның айтуынша, компанияның міндеті – қолжетімді тұрғын үй ұсынысын кеңейтіп қана қоймай, өңірлерде оның құрылысы мен пайдалануға берілуіне қажетті жағдай жасау. Бұл жерде маңызды мәселе тұрғын үй тапшылығын тек сұраныс жағынан шешу мүмкін еместігі. Нарықта ұсыныс жеткілікті болуы керек. Ал ұсыныс көбеймесе, тұрғын үй бағасына түсетін қысым да сақталуы ықтимал.

Оның келтірген дерегіне қарағанда сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй портфелінде қазір 17 мыңнан астам пәтер бар. Бұл тетіктің тағы бір ерекшелігі – кейбір жобаларда азаматтан бастапқы жарнаны алдын ала жинау талап етілмейді. Бірақ оның ай сайынғы төлемдерді өтеуге қабілеті болуы қажет. Яғни, мәселенің бір түйіні шешілгенімен, екіншісі – төлем қабілеті – бәрібір алдыңғы қатарда қалады.

Тұрғын үйдің қолжетімділігін бағалауда ең алдымен халықтың табысына назар аудару керек. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2026 жылғы ІІ тоқсанда орташа айлық атаулы жалақы – 486 388 теңгені, ал медианалық жалақы – 348 415 теңгені құрады. Ал,

2026 жылғы тамыздағы орташа көрсеткіш бойынша жаңа тұрғын үйдің бір шаршы метрі шамамен 625 мың теңге, қайталама нарықта 635 мың теңге болды. Демек, 40 шаршы метрлік пәтердің құны шамамен 25 млн теңгеге жетеді. Ал 25 млн теңгені 348 415 теңгелік медианалық жалақыға бөлсек, шамамен 72 айлық табыс шығады.Әрине, бұл – шартты арифметика. Азамат бүкіл жалақысын баспанаға жинай алмайды. Отбасының күнделікті азық-түлік, коммуналдық төлем, көлік, киім, бала тәрбиесі, денсаулық, білім және басқа қажеттіліктерге кететін шығыны бар. Сондықтан осы қарапайым есептің өзі тұрғын үйдің азамат табысына шаққандағы салмағын көрсетеді. Бұл – тұрғын үйдің қолжетімділігін тек жалақы көлемімен бағалау жеткіліксіз екенін көрсетеді. Азаматтың табысы өсуі мүмкін. Бірақ сол уақытта тұрғын үй, азық-түлік, қызмет көрсету және басқа да шығындар қымбаттаса, оның нақты сатып алу мүмкіндігі өзгермеуі немесе төмендеуі ықтимал.

Сондықтан сарапшылар тұрғын үй саясатының тиімділігін бағалағанда үй бағасы, жалақы, инфляция, бастапқы жарна, ай сайынғы төлемнің бір жүйеде қаралуы қажеттігін айтады. Брифингте айтылған сатып алу құқығымен жалға беру механизмі осы тұрғыдан назар аудартады. Мұнда азаматтың бірден бастапқы жарна жинамай-ақ тұрғын үйге кіру мүмкіндігі қарастырылған. Алайда бұл жеңілдік төлем қабілетіне қойылатын талапты жоймайды. Яғни, мемлекет азаматқа есікті ашуы мүмкін, бірақ сол үйдің ай сайынғы төлемін көтеру қабілеті бәрібір маңызды.

Тұрғын үй саласындағы тағы бір маңызды бағыт – цифрландыру. «Отбасы банк» өкілі Жансұлтан Матайдың айтуынша, банк тұрғын үймен қамтамасыз ету процестерін кезең-кезеңімен цифрландырып, ақпараттық жүйелерді мемлекеттік жүйелермен біріктіру арқылы рәсімдердің ашықтығы мен бірізділігін арттыруға бағытталған жұмысты жүргізіп жатыр. Тұрғын үйді бөлуге арналған цифрлық платформа да іске қосылған. Бұл – жүйенің технологиялық тұрғыдан өзгеріп жатқанын көрсетеді. Бірақ цифрландырудың әлеуметтік мәні одан да терең болуы тиіс. Бұл жүйеде азамат тек өзінің кезекте тұрғанын емес, қандай мәртебеде екенін, қандай бағдарламаға қатыса алатынын, отбасы табысына қарай қай

тетік сәйкес келетінін, қандай құжат қажет екенін, қандай тұрғын үйге үміткер бола алатынын анық білуі керек. Яғни, цифрлық жетік «кезектегі нөмірді» ғана емес, баспанаға апаратын жолды көрсетуі қажет.

Тұрғын үй кезегін күту кезінде азаматтың жалдау ақысын төлеуі де үлкен қаржылық жүк. Сондықтан мемлекет жеке тұрғын үй қорынан үй жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау тетігін де қолданып отыр екен. Бұл қолдау табысы жоқ немесе табысы төмен азаматтардың төрт санатына қатысты және қазір 11 мыңнан астам отбасы осы субсидияны алып отыр екен. Мұндай қолдау – кезекте тұрған отбасының қазіргі қаржылық жүктемесін азайтады. Бірақ оны түпкілікті баспанамен қамтамасыз етудің орнына уақытша қолдау ретінде ғана емес, меншікті тұрғын үйге өтуге мүмкіндік беретін кезең ретінде қарастырылуы тиіс.

Брифингте ауылдық елді мекендердегі жалдамалы тұрғын үйді бөлудің жаңа механизмі жайлы белгілі болды. І қыркүйектен бастап «Отбасы банк» сайтында азаматтарға өздері тұрғын үйге мұқтаж ретінде есепте тұрған ауданнан жалдамалы баспанаға өтінім беру мүмкіндігі берілді. Жаңа механизм арқылы шамамен 400 азамат ауылдағы жалдамалы тұрғын үйді таңдапты. Бұл тәсілдің маңызды тұсы – азаматқа белгілі бір дәрежеде таңдау мүмкіндігін беру.

Жалпы, қолжетімді баспана – азаматтың табысы мен отбасының тұрақты шығынын ескергенде, оны ұзақ мерзімде қаржылық тығырыққа тірейтіндей ауыртпалық түсірмейтін баспана. Брифингте айтылған деректер Қазақстандағы тұрғын үй саясатының бір мезгілде бірнеше бағытта дамып жатқанын көрсетті. Бұл әрине, қуанарлық жағдай. Десе де, тұрғын үй саясатының келесі кезеңінде құрылыс көлемінен азаматтың нақты мүмкіндігіне қарай бет бұру маңызды. Өйткені, баспана – жай ғана шаршы метр емес, отбасының тұрақтылығы, баланың қауіпсіздігі, адамның ертеңге деген сенімі. Сондықтан мемлекеттік қолдаудың ең басты нәтижесі – азаматтың қолына пәтер кілтін ұстату ғана емес, сол кілтпен бірге қаржылық тұрғыдан алаңсыз өмір сүруге мүмкіндік беру болуы керек.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ҚАТЕЛЕСКЕН АДАМНЫҢ ҚАЙТА ТҰРУҒА ҚАҚЫСЫ БАР

Бостандыққа шыққан адамның қоғамға қайта бейімделуі Қазақстан жағдайында аса өзекті проблемалардың бірі. Өйткені, біздегі тәжірибеге қарасақ, сотталғандардың қоғамға қайта кірігуінде ешқандай проблема жоқтай көрінеді, оған психолог та, әлеуметтік ортаның қамқорлығы да, жұмыс та қажет еместей. Яғни, көп ретте, біз зайырлы қоғам өкілдері айыбын толық өтеп немесе өзге де заңды жолмен мерзімін қысқартып шығушыға жеке тұлға ретінде қарап үйренбегенбіз.



Біздің түсінігімізде, сотталған адам – еш нәрсеге құқығы жоқ азамат. Шын мәнінде қателескен адамның қайта тұруға толық қақысы бар. Ол білім алуға, жақсы қызмет атқаруға, отбасылы болып, өмірден өз орнын табуына, қайта көтерілуіне толық қақылы. Осы ретте, ҚР Бас прокуратурасы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «біз қылмыстық саясатты ізгілендіру бағытын дәйекті түрде іске асырып келеміз. Оның маңызды бөлігі – адамның бостандыққа шыққанға дейін-ақ қоғамға оралуына дайындалуына жағдай жасау» – дейді. Бұл реттегі, аталмыш құрылымдағы игілікті

шаралар басталып та кетіпті. ҚР Бас прокуратурасы Жоғарғы Сотпен бірлесіп, оң мінездеме алған сотталғандарды қауіпсіздігі барынша жоғары және орташа мекемелерден қоныс колонияларына ауыстыру тәжірибесін кеңейтіп жатыр.

«Келесі қадам – олардың еңбекке және қоғамға толыққанды бейімделуі», – дейді күштік құрылым өкілдері.

Биыл Бас Прокурордың тапсырмасы бойынша прокуратура қылмыстық-атқару жүйесі және бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп, қоныс колонияларының аумағынан тыс жерде «Еңбек учаскелері»

атты жаңа жобаны іске қосты. Бас прокуратураның осы бағытта бұдан өзге де атқарып жатқан істері көп. Мәселен, құзырлы орган сайтында «Іс жүзінде сотталғандар үшін қалыпты өмірге барынша жақын жағдайлар жасалуда. Олар кәсіпорындарда еңбек етіп, табыс табады, қылмыспен келтірілген залалды өтей алады және отбасыларына материалдық қолдау көрсетеді», – делінген.

Бұл ретте кәсіпкерлер оларға жұмыс орындарын ғана емес, тұрғын үй, тамақ және қажетті тұрмыстық жағдайлар да ұсынады. Осылайша, қазіргі Қазақстан тарихында алғаш рет қоныс колонияларындағы сотталғандарды ұстауға жұмсалатын шығындардың бір бөлігін бизнес өз мойнына алып отыр. Бұл мемлекеттік бюджетке түсетін жүктемені азайтуға мүмкіндік береді. Бүгінде Астана және Шымкент қалаларында, Қарағанды, Қостанай, Жамбыл және Ақтөбе облыстарындағы осындай учаскелерде 350-ден астам сотталған еңбек етуде.

Тек Қарағанды облысының өзінде «Qarmet» АҚ мен «Железобетонный партнер» ЖШС 90-нан астам адамды жұмысқа қабылдады. Жыл соңына дейін жобаға қатысушылар санын 1 мыңға жеткізу міндеті қойылып отыр. Жалпы, прокуратураның, ПМ-нің және басқа да мемлекеттік органдардың бірлескен күш-жігерімен пробациялық бақылаудағы 19 мың сотталған жұмысқа орналастырылды. Бұл олардың әлеуметтік бейімделуіне оң әсерін тигізуде. Бұдан бөлек, 20 мыңнан астам сотталған тікелей бас бостандығынан айыру орындарында жұмыспен қамтылған. Бұл – сотталғандарды түзетудің аса тиімді тәсілі. Ол адамды бостандыққа шыққанға дейін-ақ өз бетінше өмір сүруге дайындауға, оған мамандық пен табыс көзін беруге, әлеуметтік байланыстарын қалпына келтіруге және қылмыстық ортаға қайта оралуына мүмкіндік береді.

«Заң мен тәртіп» қағидатына негіз болған ұтымды тепе-теңдіктің мәні де осында: жасалған қылмыс үшін жауаптылық адамның түзеліп, қоғамға заңға бағынатын азамат ретінде оралуына берілетін нақты мүмкіндікпен ұштасуға тиіс. Өткен өмірдегі қателігін түсініп, қалыпты ортаға кіріуге бейілді адамды жақсылыққа бағыттап, қолына күрек беру, қалыпты, тұрақты, тәрбиелі орта ұсыну тек қана құзырлы органдардың емес, кез келген қоғам мүшесінің міндеті. Ендеше, елімізде ешкім өгейдің күйін кешпеу керек.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ КҮШЕЙЕДІ

Сеулде «Орталық Азия – Корея Республикасы» саммиті аясында ҚР Әділет министрлігі мен Кореяның Зияткерлік меншік министрлігі зияткерлік меншік саласындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды.

Меморандум екі ел арасындағы зияткерлік меншік саласындағы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға және нығайтуға бағытталған. Құжат ақпарат пен тәжірибе алмасуды, құзыретті органдар арасындағы өзара іс-қимылды дамытуды, мамандардың кәсіби құзыреттерін жетілдіруді, сондай-ақ осы саладағы бірлескен іс-шаралар мен бастамаларды іске асыруды көздейді.

Меморандумға қол қою Қазақстан мен Корея арасындағы зияткерлік меншік құқықтарын қорғау және қамтамасыз ету саласындағы екіжақты өзара іс-қимылды нығайтудағы маңызды қадам және озық тәжірибелермен алмасу мен заманауи тәсілдерді енгізу үшін қосымша мүмкіндіктер қалыптастырады.

Меморандум ережелерін іске асыру екі елдің тиісті мемлекеттік органдары арасындағы институционалдық және кәсіби ынтымақтастықты одан әрі дамытады.

ҚР Әділет министрлігінің
баспасөз қызметі



МИРАНДА ЕРЕЖЕСІ

Адамның құқықтары мен бостандықтары – демократиялық және құқықтық мемлекеттің ең жоғары құндылығы. Мемлекеттік билік пен құқық қорғау органдарының басты миссиясы – азаматтардың заңды мүдделерін қорғау, заң үстемдігін қамтамасыз ету және әділеттілік қағидаттарын сақтау болып табылады. Елімізде жүргізіліп жатқан конституциялық реформалар нәтижесінде Ата Заңның мазмұны түбегейлі жаңартылып, адам құқықтарын қорғаудың сапалық жаңа деңгейіне көшу жүзеге асырылды.

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ
ДЕНҒЕЙДЕГІ ЖАҢА
ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕПІЛДІК



Осы тұрғыда жаңа Конституцияда ұсталған азаматтардың құқықтарын қорғауға бағытталған ең маңызды новеллалардың бірі – «Миранда ережесінің» конституциялық норма ретінде тікелей бекітілуі болып табылады. Бұл ереже адам бостандығы шектелген алғашқы секундтардан бастап оның заңды өзін-өзі қорғау тетіктерін іске қосуға және құқық қорғау органдары тарапынан ықтимал заңсыздықтар мен өкілеттікті асыра пайдаланудың алдын алуға кепілдік береді. Миранда ережесінің конституциялық-құқықтық мәні және жаңа Ата Заңдағы көрінісіне тоқтала өтсек келесі тұжырымдарға назар аудара кеткен жөн.

ҚР Конституциясында әркімнің жеке бас бостандығы мен жеке басына қол сұғылмау құқығына берік кепілдік бекітілген.

Ата Заңның 18-бабының 3-тармағында: «Әр адамға ұсталған сәтте бостандығын шектеу негіздері және оның құқықтары түсіндіріледі» деп нақты жазылған.

Бұл норма – халықаралық құқықтық практикада «Миранда ережесі» (Miranda rule) ретінде белгілі іргелі құқықтық кепілдіктің конституциялық деңгейде көрініс табуы.

Миранда ережесінің конституциялық деңгейде бекітілуінің басты процестік маңызы төмендегідей кепілдіктерді қамтамасыз етеді:

Ақпараттандырылу құқығы: Адам өзінің не себепті ұсталғанын, қандай күдік немесе құқық бұзушылық негізінде бостандығы шектелгенін бірден білуге тиіс.

Қорғану мүмкіндігі: Ұсталған сәттен бастап азамат өз құқықтарын, соның ішінде жауап бермеу немесе өзіне айғақ бермеу құқығын түсініп, құқықтық позициясын саналы түрде айқындай алады.

Заңсыз процестік әрекеттерге бөгет болу: Құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне ұсталған адамға оның құқықтарын ескертпейінше, кез келген жауап алу немесе процестік әрекеттерді жүргізуге тыйым салынады.

Бұл норма – жалаң декларация емес, бұл азамат пен мемлекет арасындағы билік тепе-теңдігін сақтайтын, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданудың заңды шегін белгілейтін құқықтық қалқан.

Миранда ережесі жеке дара өмір сүрмейді, ол баска да конституциялық кепілдіктермен тығыз байланысты. Конституцияның 18-бабының 4-тармағына сәйкес, ұсталған адамның, күдіктінің немесе айыпталушының тиісінше ұсталған, күдікті ретінде танылған немесе айып тағылған сәттен бастап адвокат (қорғаушы) көмегін пайдалануға құқығы бар.

Сонымен қатар, жаңа Конституцияда сапалы құқықтық қорғауды қамтамасыз ету мақсатында мынадай маңызды қағидаттар шоғырландырылған:

Адвокатураның конституциялық мәртебесі: Ата Заңның 86-бабында адвокатура алғаш рет дербес конституциялық институт ретінде бекітіл-

ді. Бұл сот өндірісіндегі бәсекелестік қағидатын күшейтіп, адвокаттың ұсталған азаматқа алғашқы минуттардан бастап кедергісіз білікті заң көмегін көрсетуіне толық жағдай жасайды.

Кінәсіздік презумпциясы және өзіне қарсы айғақ бермеу: Конституцияның 19-бабында кінәсіздік презумпциясы, өз-өзіне, жұбайына және жақын туыстарына қарсы айғақ бермеу құқығы, сондай-ақ заңсыз жолмен алынған дәлелдемелердің заңды күші болмайтындығы дербес конституциялық қағидат ретінде бекітілген.

Сот шешімінсіз адамды заңда белгіленген мерзімнен артық ұстауға болмайды, ал күзетпен ұстауға тек соттың санкциясымен ғана рұқсат етіледі.

Халықаралық конституциялық тәжірибеде (мысалы, АҚШ, Германия, Бразилия, Португалия конституцияларында) Миранда ережесі мен үндемеу құқығы азаматтарды өз-өзіне қарсы куәлік беруден және заңсыз мәжбүрлеуден қорғаудың ең тиімді құралы болып табылады.

«Заң мен Тәртіп» идеологиясы және құқық қорғау органдарының сервистік форматымен ұштастырсақ, Үкімет бекіткен «Қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын ілгерілету жөніндегі 2025–2030 жылдарға арналған тұжырымдамада» заң үстемдігі мен адам құқықтарын құрметтеу басты қағидаттар ретінде айқындалған.

Миранда ережесін іс жүзінде қолдану құқық қорғау органдарының қызметін сервистік модельге көшірудің негізгі көрсеткіші болып табылады.

Репрессиялық тәсілден серіктестікке көшу, яғни полиция мен тергеу органдары азаматты ұстаған сәтте оған дөрекілік көрсетпей, заңды негіздер мен құқықтарды сыпайы, анық түсіндіруге міндетті.

Азаматтардың құқық қорғау жүйесіне сенімін арттыру, яғни ұсталған сәттен бастап азаматтың құқықтарының сақталуы мемлекеттік институттарға деген қоғамдық сенімді нығайтады.

Сот қателіктері мен заңсыздықтарды азайту, яғни ұстау хаттамасын толтыру, ұстау уақытын бұрмалау немесе азаматқа құқықтарын түсіндірмеу фактілері қылмыстық жауаптылыққа алып келеді.

Миранда ережесінің жаңа Конституцияда көрініс табуы – бұл Қазақстанның адам құқықтарын қорғау саласындағы ірі тарихи әрі құқықтық кадам. Ол ұсталған азаматтың адами қадір-қасиеті мен ар-намысын қорғауға, заңсыз тұтқындауларға жол бермеуге және әділетті сот төрелігін жүзеге асыруға берік негіз қалайды.

Миранда ережесін процестік қызметте мүлтіксіз орындау – Әділетті Қазақстанның құқықтық мәдениеті мен «Заң мен Тәртіп» қағидатының өміршендігін айғақтайтын басты көрсеткіш болып қала береді.

Динара ШАРГЫНОВА,
Алматы гарнизонының
әскери сот судьясы

ӨНЕГЕ

АХМЕТ – ҰЛТ ҰСТАЗЫ

Сан қилы салада еңбек еткен Алаш арыстарының саны өте көп. Оларды әмбебап болуға үйреткен – заманы. Ұлт мәселесі талқыға түскен заманда елді қалай болмасын біртұтас қылуды мақсат еткен алаштықтардың есімі еске оралғанда, Ахмет атамызға соқпай кету – үлкен сын. Бар ғұмырын халық жолына арнаған Ахмет Байтұрсынұлы халықтың тілі мен өзіндік мәдениеті қалыптасқанда ғана елдің өртені жарқын боларына үлкен сенім білдірді. Ұлт болмысын сақтап қалу үшін әрбір салаға өлшеусіз үлес қосты.

Қыркүйектің 5-ші жұлдызында Ахмет Байтұрсынұлының дүниеге келген туған күніне орай Ақтөбе облысының соттары түрлі тарихи-әдеби және мәдени шаралар ұйымдастырып, тіпті оның өлеңдерін оқып, челлендж ұйымдастырды. Мұндай шаралардың басты мақсаты – ұлт ұстазының өмір жолы, шығармашылығы және атқарған қызметі туралы мағлұмат беріп, казак тілінің әліппесін шығарған Ахмет Байтұрсынұлын мадақтау, келер ұрпаққа үлгі ету болатын.

Өткен жылы да Қазақстан халқының тілдері күні мерекесі мен ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күнін атап өту мақсатында «Ұлт ұстазы – Ахмет» атты әдеби кеш ұйымдастырылған болатын.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрескен ұлы тұлға, дарынды ақын, ғалым-публицист, түркітанушы, аудармашы, педагог, қоғам қайраткері.

Облыстық сотта өткен кезекті шараға Ахмет Байтұрсынұлының аты берілген мектептің ұжымын арнайы шақырған болатынбыз.

Ахметтің артында қалдырған еңбектері – келешек ұрпақтың аманаты, жемісі. Бүгінгі ұрпақ А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш азаматтарына қарап бой түзеу керек деп есептеймін. Оның өмір жолы ауыр да, азапты болды. Аласапыран кезеңде Алаш жұртына түзу жол көрсетіп, дөңгеленген дүниеден қазақтың өз үлесін алып беруді көздеді. Көкірек көзі ашық, көңілі көлдей қазақ жастары Ахмет атамyzдың артынан еріп, ақылын тындап, автономия құрды. Ахмет Байтұрсынұлының басшылығымен қазақ зиялылары қазақтың шекарасын бекітіп, керегесін кеңейтіп, әдебиетінің іргесін қалады.

Ахмет атамyz жайлы жазбау, Алаш ұрпақтарына үлкен сын. Оның азаматтығы, адалдығы, отансүйгіштігі талай азаматтың бойына шабыт беріп, жанына қуат сыйлады. Ахмет ақырғы демі үзілгенше қазақ деп, Алаш деп өтумен болды. Бұл сөзімізді Сәкен Сейфуллиннің «Өзге оқыған қайраткерлер атақ қуып жүргенде, ұйқыдағы қара халықтың жоғын жоқтап, мұң – мұқтажына көңіл бөлген Патшалық Ресей заманында бір ғана тұлға болды, ол – Ахмет Байтұрсынұлы болатын», – деген сөзі ағасына деген шынайы пейілмен айтылған інілік көзқарас болатын. Сол кезеңдегі бар ауырпашылықты арқасына артып, бойына қазакилықты сіңірген Ахмет атамyz – бүгінгі ұрпақтың кемегері.

Жастайынан тағдыр талқысын көріп өскен Ахметті өсірген де, ғылым мен мәдениеттегі көсегесін көгерткен де халық үшін еткен еңбегі, елі үшін еңсере жасаған қызметі. Ұлт маңдайына біткен тұлғаның туған тіліне деген

Осы орайда Ақтөбе облыстық сотының қабылдау бөлімінің инспекторы Полатбай Айдана Шайхиисламқызының Ахмет атасына шығарған өз өлеңін ұсынамын:

ТАҒЫМ

*Қазақ үшін қасқайып, қағылған қара қазықтай,
Берген білім қарағыда жол көрсеткен жарықтай.
Әліппенің әр тарауын әлек етіп жеткізіп,
Ана тілді ардақтаттың, «ұлы ұстаз» боп шарықтай.*

*Ұйқы бермес «Маса» болып, ояттың қалың жұртыңды,
Қайыспадың көрсен-дағы сүргін салған қуғынды.
Ашыңдар! – деп көздеріңді, жалған жолда жөн сілтеп,
Елдің өшкен санасына лап еткізіп отыңды.*

*Қуғын-сүргін, жиырма ғасыр, отыз жеті жылдары,
Репрессия салдарынан талай арыс атылды.
Жарты ғасырдан соң ғана әділдік оты жаңғырып,
Азаматтың ісі ақталып, есімің елге оралды.*

*Әліппе мен төте жазу сананы ашып, нұр етті,
Зерттеп сонша дүниені, тың деректер сыр шертті.
Алғашында «Алашым!» деп, ел діңгегін көтерсең,
Елің бүгін «Ахметім» деп, мақтан тұтып, жыр етті.*

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ҚАЙТАРЫЛҒАН АТҚАРУШЫЛЫҚ
ІС ЖҮРГІЗУЛЕР РЕТІ

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР заңының 32-бабына сәйкес атқарушылық іс жүргізу барысында борышкердің мүлкіне, банктік шоттарына және басқа да активтеріне өндіріп алуды қамтамасыз ету мақсатында сот орындаушысы тарапынан тыйым салу және мәжбүрлі түрде шектеу шаралары қолданылады.

Атқарушылық құжат өндіріп алушыға қайтарылған жағдайда атқарушылық іс жүргізудің одан әрі жүргізілу тәртібі және бұрын қолданылған қамтамасыз ету шараларының тағдыры азаматтар тарапынан жиі қойылатын мәселелердің бірі.

Заңның 48-бабына сәйкес, көзделген негіздер болған кезде атқарушылық құжат өндіріп алушыға қайтарылуы мүмкін. Бұл ретте атқарушылық құжаттың өндіріп алушыға қайтарылуы атқарушылық іс жүргізу шеңберінде қолданылған барлық шектеу шараларының автоматты түрде сақталуын білдірмейді. Мәжбүрлі түрде қолданылған тыйым салулардың одан әрі қолданылуына құқықтық негіздердің бар-жоғы әрбір атқарушылық іс жүргізу бойынша жеке тәртіппен анықталады.

Осыған байланысты атқарушылық құжат қайтарылғаннан кейін сот орындаушысы атқарушылық іс жүргізу барысында қолданылған шараларды қайта қарап, борышкердің мүлкіне салынған тыйымдарды, сондай-ақ өзге де шектеулердің қолданылуына негіздердің бар-жоғын тексереді.

Сонымен қатар, борышкерге қатысты басқа да қолданыстағы атқарушылық іс жүргізулердің бар-жоғы тексеріледі. Егер сол мүлікке немесе активке басқа атқарушылық іс жүргізу

шеңберінде дербес тыйым салынған болса, мұндай шектеу тиісті атқарушылық іс жүргізу шеңберінде оның күшін жоюға негіздер болғанға дейін сақталуы мүмкін.

Сондай-ақ, атқару құжаты өндіріп алушыға орындаусыз кері қайтарылған жағдайда мәжбүрлі орындау шаралары заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес келесі жағдайда күшін жояды: сот актілері негізінде берілетін сот бұйрықтары мен атқарушылық парақтар – үш жыл ішінде; «Астана» халықаралық қаржы орталығы сотының шешімдері негізінде берілетін атқару парақтары – үш жыл ішінде; төреліктің шешімдерін, халықаралық және шетелдік төреліктердің шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы соттың ұйғарымы негізінде берілетін атқару парақтары – үш жыл ішінде; соттардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарған қаулылары – егер заңда өзге мерзімдер белгіленбесе – бір жыл ішінде; әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органның (лауазымды адамның) қаулылары – бір жыл ішінде; «Астана» халықаралық қаржы орталығы сотының талап қоюды қамтамасыз ету туралы бұйрықтары сот бұйрық шығарған күннен бастап – бір жыл ішінде; әкімшілік жаза қолдануға уәкілеттік берілген ор-



құрметі жоғары болды. Оны бәрінен биік қойды.

Назарларыңызға Ахмет Байтұрсынұлының ең құнды әрі нақ айтқан тіл туралы тағылымдарын ұсынамын.

Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрғмай жоғалмай-ды. Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады. Өз ұлтына басқа жұртты қосамын дегендер әуелі сол жұрттың тілін аздыруға тырыса-ды. Егер де біз қазақ деген ұлт болып тұруды тілесек, қарнымыз ашпас қамын ойлағандай тіліміздің де сақталу қамын қатар ойлауымыз керек.

Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керек. Біз де тіліміз бұзылмай сақталуын тілесек, өзгелерше әуелі өз тілімізбен оқытып, онан соң барып басқаша оқытуға тиіс.

Қазақ халқының асыл да дана перзенті, ана тіліміздің жанашыры А. Байтұрсынұлы айтқанындай, туған тіліміз – тұғырымыз екенін әсте ұмытпайық.

А.Байтұрсынұлының есімі тарихта қазақ тіл білімі мен әдебиетінің және қазақ журналистикасының негізін қалаушы ретінде, сондай-ақ, қазақ жазуының реформаторы, алғашқы ұлттық әліппенің авторы, ақын, аудармашы, педагог, ағартушы ғалым, қазақ руханияты тарихындағы аса ірі тұлға, мемлекет және қоғам қайраткері ретінде мәңгі қалмақ.

Гүлзия МАҚСАТҚЫЗЫ,
Ақтөбе облыстық соты
мемлекеттік тілді дамыту
бойынша бас маман



РУХ

ЕЛ ҮМІТІН АҚТАҒАН ЕР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Аян Ғалиев өз міндетін атқару кезінде қаза тапса, Ғани Нұриманов ішкі істер органында 25 жыл қызмет атқарып, жуырда ғана зейнетке шыққан еді. Оның ажалына себеп болған – жазғы жейдесінің қалтасындағы зейнеткерлік куәлігі болды. Ол сол күні жұмыстарымен көшеде келе жатқанда алдынан мылтық асынған Күлекбаев шығып, Ғанидың жаздық жұқа жейдесінің қалтасынан қызыл куәлікті көріп қалады. Дереву «давай ксиву» деген мылтықты адамнан абдырап қалған ол қалтасынан куәлігін алып көрсеткен кезде атып салады.

Егер Аян Ғалиевтің жанқиярлық ерлігі болмағанда, құрбандар саны бұдан да көп болары анық еді. Себебі осыған дейін лаңкес Алматы көшелерінде өз міндеттерін атқарып жүрген полиция қызметкерлерін атып өлтірген еді. Ал автокөлік рөлінде отырған Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің әскери қызметшісі А. Әзімхановты бағдаршамда тұрған кезінде оның үстіндегі нысанды киімді полицияның киімі деп ойлап атып кетті. Тағы да бір бейбіт тұрғын қанішердің оғынан ажал құшты.

Ертесіне Алматы қаласының халқы қарулы қылмыскерді ұстау кезінде қаза тапқан Алматы қаласы мамандандырылған күзет қызметі басқармасы 2-батальонының қызметкері, полиция старшинасы Аян Ғалиев пен отставкадағы полиция подполковнигі Ғани Нұримановты Алматы қаласындағы Балуан Шолақ атындағы спорт сарайынан ақтық сапарға шығарып салды.

Оларды шығарып салуға келген алматтылықтар сарайға сыймай қалды. Батырлармен қоштасу үшін Абай даңғылының бойында тұрғандардың санына жету қиын болды. Бұл бейбіт тұрғындардың ержүрек полиция қызметкерлерінің ерлігіне деген тағзымы еді.

Полиция старшинасы Аян Ерболғанұлы Ғалиев 1997 жылдан бері аса маңызды мемлекеттік мекемелердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету-



АЯН ҒАЛИЕВТІҢ
ЕРЛІГІНЕ 10 ЖЫЛ

ге қалтқысыз еңбек сіңірді. Қызметтік қаруды қолдану шеберлігін ұдайы шыңдаған ол қатардағы әріптестеріне үлгі болып, жас тәртіп сақшыларының бірнеше буынын тәрбиелеген абыройлы тәлімгер еді.

Болатжан Қарауылов досы әрі әріптесі Аянның оққа ұшқанын естігенде «Көздеген нысанасына дөп тигізетін мергендігі мықты Аянның қылмыскерді бір дегенде атып өлтіруіне болатын еді. Бірақ оның ойы тірідей қолға түсіру болғаны анық. Ойткені Аян қызметтік тапаншадан көздеп ату жаттығуларында үнемі жоғары көрсеткішті иемденетін», – дейді.

Полиция старшинасы Аян Ерболғанұлы небәрі 42 жасында қаза тапты. Осы қырық екі жылда ол нағыз азаматқа тән өмір сүрді. Ата-анасының үмітін ақтаған абыройлы перзент, бауырларының сенімді жанашыры, адал жар, үлгілі отбасы иесі болды.

Аян қаза тапқаннан кейін оның жанұясына мемлекет тарапынан тиісті деңгейде көмек көрсетілді. Алайда қазақта «тас түскен жеріне ауыр» деген

Сол кезде қару асынған адамды көріп айналдағы адамдарды қарулы қылмыскерден қорғау үшін шұғыл әрекет ету қажет екенін түсінді. Аян Ғалиев өзі күзететін Мемлекеттік мекемені және бейбіт тұрғындардың өмірін қорғауды ойлап, өзіне қарай оқ жаудырған қарулы қылмыскерге қарсы қызметтік тапаншасынан оқ атады. Аян Ғалиев қылмыскердің оғынан өзі ауыр жарақат алғанына және бірнеше саусағының жұлынып кеткеніне қарамастан өзіне қарсы келе жатқан қылмыскерді бірнеше жерден жаралап үлгереді. Ауыр дене жарақатын алған қылмыскер оқ атуын тоқтатып, жол бойында бүк түсіп отырып қалады. Осы кезде оның қолына кісен салып, қолға түсіргенімен, Аянның өзі қылмыскердің оғынан қаза тапқан еді.

қағидалы сөз бар. Оның артында аңыраған жары мен екі баласы үшін материалдық көмек әке орнын толтыра алмайтыны анық. Аян өмірден өткенде мектепте оқып жүрген қызы Әмина бүгінде Алматы Мемлекеттік медици-

на университетінің студенті болса, сол кезде бір жасқа да толмаған ұлы Медеуғали мектепте оқиды.

«Әкемнің әрбір айтқан ақылы, берген тәрбиесі, сыйлықтары мен үшін қазір таптырмас құнды дүние. Сонымен қатар жұмыстан бос уақытында неше

рететін. Сонымен қатар «Кітапты көп оқы. Сабағыңды жақсы оқы» деп қадағалап отыратын. Менің әкем өз ана тілін керемет жақсы көрді. Менен де қазақша таза сөйлеуді талап етуші еді. Бір орысша сөз қосып қойсам, сол үшін он рет жатып-тұру жаттығуын жасата-тын.

Мен табиғатты сүюді де әкемнен үйрендім. Ол балық аулауға барғанда мені де ертіп алады. Қармақ салып отырып, маған Табиғат-ананың небір тылсымдары туралы әңгіме айтатын. Үнемі «өз еліңді, табиғатты сүй» деп айтып отыратынын қазір жиі еске аламын.

Әкем інім Медеуғалиды ұзақ күтті. Ол менен кейін он жылдан соң ғана өмірге келді. Өкініштісі – Медеуғалидың он айлығында ғана өзі қаза тапты. Үйден соңғы рет шығып бара жатып, інім екеумізді кезек-кезек иіскеп біраз тұрғаны есімде.

Енді мен әкемнен алған тәрбиемді ініме беруге тырысып жүрмін. Елді, табиғатты, туған тілді сүюді қазір мен Медеуғалидың бойына сіңіруге қатты көңіл бөлудемін», – дейді Әмина Аянқызы.

Қылмыскер Руслан Күлекбаев Алматы қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының 2016 жылғы 2 қарашадағы үкімімен өмір бойына бас бостандығынан айырылды. Ал қаһарман сақшы Аян Ғалиевтің ерлігі лайықты бағаланып, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен оған қайтыс болғаннан кейін ІІІ дәрежелі «Айбын» ордені берілді.

Сонымен қатар Алматы қаласындағы №87 жалпы білім беретін мектепте полиция старшинасы Аян Ғалиев атындағы «Жас сақшы» кадет сыныбы ашылды. Сондай-ақ Алматы қаласы мамандандырылған күзет қызметі басқармасының қолдауымен Аян Ғалиевтің ерлігі мен өміріне арналған «Ерлікке тағзым» кітабы жарық көрді.

Полиция старшинасы Аян Ерболғанұлы Ғалиевтің ерлігі «Халық қаһарманы» атағына лайық ерлік. «Ел үмітін ер ақтар, ер атағын ел сақтар» деген қағидалы сөзге сенсек, Аянның ерлігі ел есінде мәңгілік сақталады. Өзгелердің амандығы үшін өзінің өмірін құрбан еткен полицияның батырлығы әлі талай ұрпақтың бойына патриоттық сенім сіңіретіні даусыз.

Гүлнәр ЖАПАРҒАЛИҚЫЗЫ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ



ШІКІР

ТАЛАП БОЛСА ТІЛ ДАМИДЫ

Тіл – ұлттың рухани өзегі, халықтың тарихы мен мәдениетін ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін баға жетпес құндылық. Ана тіліне деген құрмет – туған елге, оның тарихы мен болашағына деген құрметтің белгісі.

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес қазақ тілі – мемлекеттік тіл. Мемлекеттік тілдің қоғам өміріндегі орны ерекше. Ол мемлекеттік басқару, білім беру, мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары және қоғамдық қатынастардың барлық саласында кеңінен қолданылуы тиіс.

Сот жүйесінде мемлекеттік тілдің маңызы айрықша. Сот төрелігін жүзеге асыру барысында азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сот актілерінің мазмұнын дұрыс әрі түсінікті жеткізу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік тілде сапалы құқықтық құжаттар әзірлеу және сот процесіне қатысушыларға қазақ тілінде түсінікті ақпарат беру – сот қызметінің маңызды бағыттарының бірі.

Мемлекеттік тілді дамыту тек мемлекеттік органдардың немесе жекелеген мекемелердің міндеті емес. Бұл – әрбір азаматтың орық жауапкершілігі. Тілді құрметтеу оны тек ресми ортада қолданумен шектелмейді. Қазақ тілінде сөйлесу, сауатты жазуға ұмтылу, балаларға ана тілін үйрету және күнделікті өмірде мемлекеттік тілді қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейте аламыз.

Тілге деген құрмет ең алдымен адамның өзінен басталады. Мемлекеттік тілде сөйлеу – міндетті түрде мінсіз сөйлеу деген сөз емес. Ең бастысы – қазақ тілін қолдануға деген ниет пен талпыныс. Тілді үйрену барысында қателесу – табиғи нәрсе. Маңыздысы – қателіктен қорықпай, үнемі ізденіп, білімді жетілдіру.



А. БАЛАБЕКОВ,
Ақмола облысы Көкшетау қаласы
мамандандырылған
тергеу сотының судьясы

Қазіргі таңда қазақ тілін дамытуға көптеген мүмкіндіктер жасалып отыр. Цифрлық технологиялардың дамуы, электрондық мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігі, қазақ тіліндегі ақпараттық және білім беру ресурстарының көбеюі мемлекеттік тілді үйренуге және оны күнделікті қолданысқа енгізуге кең жол ашуда.

Мемлекеттік тілдің болашағы – оны қаншалықты құрметтеп, қаншалықты қолданатынымызға байланысты. Тілдің мәртебесін тек заңмен емес, ең алдымен қоғамның күнделікті мәдениеті мен азаматтардың ұстанымы айқындайды.

Қазақ тілінде айтылған сөз, жазылған сөйлем – мемлекеттік тілдің дамуына қосылған үлес. Сондықтан мемлекеттік тілге құрметпен қарау – елге, жерге және халыққа деген құрмет. Тілімізді бірге дәріптеп, оның қолданыс аясын кеңейту – баршамыздың азаматтық парызымыз. Мемлекеттік тіл – тәуелсіздігіміздің маңызды нышандарының бірі. Оны құрметтеу және дамыту – болашақ ұрпақ алдындағы ортақ міндетіміз.



КӨЗҚАРАС

ӘДЕП – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ КӘСІБИ КЕЛБЕТІНІҢ КӨРІНІСІ

Мемлекеттік қызмет – үлкен жауапкершілікті, жоғары кәсібилікті және азаматтарға адал қызмет етуді талап ететін ерекше сала. Мемлекеттік қызметшінің кәсіби білім-білігімен қатар, әдеп нормаларын сақтауы, мінез-құлқы мен қарым-қатынас мәдениеті де ерекше маңызға ие.

Әдеп – адамның қоғамдағы және қызметтегі мәдениетін көрсететін негізгі құндылықтың бірі. Әсіресе мемлекеттік қызметші үшін әдеп қағидаларын сақтау – тек белгіленген талаптарды орындау ғана емес, азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін қалыптастыратын маңызды фактор.

Сот әкімшілігі жүйесінде қызмет атқаратын мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігі одан да жоғары. Себебі сот жүйесі азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаумен тікелей байланысты. Сондықтан сот әкімшілігі қызметкері әрбір азаматпен қарым-қатынаста сыпайылық, сабырлылық, әдептілік және объективтілік танытуы қажет.

Мемлекеттік қызметші міндетін атқару барысында өзінің жеке пікірін, эмоциясын немесе көзқарасын қызметтік қарым-қатынасқа араластырмай, заң талаптары мен кәсіби этика нормаларын басшылыққа алғаны жөн. Қандай жағдай болмасын, азаматтарды тыңдай білу, олардың өтініштеріне құрметпен қарау және мәселені шешу жолдарын түсіндіру – мемлекеттік қызмет мәдениетінің маңызды көрсеткіштері.

Әдеп талаптары тек жұмыс уақытында ғана емес, мемлекеттік қызметшінің қоғамдағы жалпы мінез-құлқынан да көрініс табады. Қызметші өзінің әрекетімен мемлекеттік органның беделіне әсер ететінін әрдайым есте ұстауы керек.

Осы тұрғыдан алғанда, мемлекеттік қызметшіге қойылатын талаптың бірі – өз ісімен өзгелерге үлгі болу.

Бұл бағытта Әдеп жөніндегі уәкілдің атқаратын рөлі ерекше. Әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметшілерге әдеп мәселелері бойынша кеңес беріп, олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіруге, қызметтік әдеп нормаларының сақталуына ықпал етуге бағытталған жұмыстар жүргізеді. Сонымен қатар мемлекеттік қызметшілер арасында қолайлы моральдық-психологиялық ахуалды қалыптастыруға, әдеп бұзушылықтарының алдын алуға және қызметтік қарым-қатынас мәдениетін арттыруға үлес қосады.

Әдеп жөніндегі уәкілдің жұмысы тек жағдайларға байланысты әрекет етумен шектелмейді. Ең бастысы – құқық бұзушылық пен әдепсіз мінез-құлықтың алдын алу. Осы мақсатта түсіндіру жұмыстарын жүйелі жүргізу, мемлекеттік қызметшілердің әдеп мәселелері бойынша сауаттылығын арттыру және ұжымда өзара сыйластық қағидатын қалыптастыру маңызды.

Қызметтік әдеп – ұжымдағы өзара құрмет пен сенімнің негізі. Әр қызметкер әріптесінің пікірін сыйлап, жұмыс барысында бір-біріне қолдау көрсеткен жағдайда еңбек ұжымында қолайлы орта қалыптасады. Мұндай орта өз кезегінде қызмет сапасына да оң әсер етеді.

Бүгінде мемлекеттік қызметшіге қойылатын талап тек өз саласын



Берікбайыр КАЗЕНОВ,
ҚР Сот әкімшілігінің
Маңғыстау облысы бойынша
департаменті басшысының
орынбасары,
Әдеп жөніндегі уәкіл

жақсы білумен шектелмейді. Ол – заңды құрметтейтін, азаматтардың құқықтарына жауапкершілікпен қарайтын, мәдениетті, сабырлы және адал тұлға болуы тиіс.

Әдеп нормаларын сақтау – бір күндік міндет емес, ол күнделікті мәдениеттің ажырамас бөлігі. Әр мемлекеттік қызметші өзінің әрбір сөзі мен әрекеті мемлекеттік қызметтің абыройына әсер ететінін сезінген кезде ғана қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімі нығая түседі.

Сондықтан әдептілік – қызметтік міндеттің қосымша бөлігі емес, кәсіби келбетінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Ал осы құндылықтарды қалыптастыру мен сақтау – әрқайсысымыздың ортақ міндетіміз.



ИНКЛЮЗИВТІ САЯСАТ: ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАҒАЗ ЖҮЗІНДЕ ҚАЛМАСЫН

Президент Құрылтайдың алғашқы отырысында «ерекше қажеттілігі бар балаларға жан-жақты қолдау көрсету жөніндегі заңға баса назар аудару керек», – деген-ді. Көз келген мемлекет ерекше қажеттілігі бар адам мен балалардың білім алуына, сапалы медициналық және әлеуметтік көмек алуына назар аударады. Оларға ерекше қамқорлықпен қарайды. Қазақстанда ерекше қажеттілігі бар азаматтар үнемі үкімет қолдауында. Десек те, бұл мәселе төңірегінде проблема да көп. Олардың қоғамға кірігуі, қоғам махаббаты мен қамқорлығын сезінуі тіпті күрделі мәселе.

Қазіргі шынайы өмірде ерекше қажеттілігі бар балалар тұрмақ, ерекше қажеттілігі бар адамдар үшін де өмір сүру оңай емес. Қарапайым ғана пандустардың жетіспеуінен басталатын проблемалар денсаулыққа қатысты өзекті жағдайларға кеп тіреледі. Мұндай қажеттіліктегі баланы асырап сақтап, әлпештеп отырған ата-ананың, жақындарының әлеуметтік жәрдем-ақының аздығы мен мұндай күтімдегі баланың қажеттілігі бір бірімен қиыспайтын жеке-дара оқшау тұрған қиындық екенін жиі айтып жүр. Ерекше назардағы баланың қажеттілігі көп, оның емі мен қоғамға бейімдеу мақсатындағы әртүрлі дамыту орталықтары, арнайы мамандардың бағасы салыстырмалы түрде қараған кез келген қарапайым көпке белгілі. Сондықтан да, бұл заң ерекше қажеттілігі бар баланы бағып отырған кез келген отбасының

үмітін үрледі. Бұған дейін көп жерде инклюзия мәселесі қағаздағы есеп ретінде жүрді. Енді «Қағаз жүзіндегі инклюзия мен өмірдегі мүмкіндік екі бөлек болмауы тиіс. Ерекше балаға «мүмкіндігі шектеулі» деп қана қарамай, құқығы бар азамат ретінде қарауымыз керек» – дейді кейбір ата-ана.

Әрбір есікті тоздырып, бір қағаз үшін жарты ғұмырын, бүкіл жүйкесін сарп етіп жүрген ана шындығында қоғамдағы бұл мәселемен жалғыз күреспеуі керек. Президенттің «мемлекет шын мұқтаж жандарға әрдайым қолдау көрсетуі керек» деген сөзі медициналық мекемелер мен заңдық орындар үшін нақты нұсқау, жұмыс істейтін жүйеге айналуы тиіс.

Осыдан бірнеше күн бұрын өткен Құрылтай жиынында «Ауыл» партиясы фракциясының өкілі Захира Бегалиева ҚР Премьер-Министрі О.Бек-



теновке депутаттық сауал жолдады. Онда депутат: «Бүгінде мүгедектігі бар адамдар мен олардың ата-аналары мемлекеттік көмекті өз бетінше іздеп, әр есікті жеке қағуға мәжбүр. Медицина, білім, әлеуметтік қызмет, жұмыспен қамту және оңалту құралдары – әрқайсысы әр жақта, әр министрлікке қарайды. Нәтижесінде отбасыларға қайда бару керектігі, қандай көмек тиесілі және оған кім жауапты екені әрдайым түсінікті емес.

Бала өсе келе, ерте жастағы көмектен бастап, оқуға түсу, мамандық алу, жұмыс істеу және дербес өмір сүруге дейінгі бірыңғай жүйелі жол жоқ.

Қаржы әртүрлі ведомстволар мен өңірлерге бөлініп кеткендіктен, мемлекеттің жұмсаған ақшасы адам өмірін нақты қалай өзгерткенін көру қиын. Мәселенің бәрі Еңбек министрлігіне келіп тіреледі, бірақ бір ведомство денсаулық, білім, көлік немесе цифрландыру мәселелерін жалғыз өзі шеше алмайды ғой», – деді.

Депутат бұл мәселе төңірегінде – Президентіміз де барлық азаматқа тең мүмкіндік жасау маңызды екенін бірнеше рет атап өтті. Осыған байланысты «Ауыл» партиясының фракциясы

Адам үшін айқын жүйе қажет: Қажеттілікті анықтау → Оңалту → Білім алу → Қабілетін дамыту → Кәсіптік бағдарлау → Жұмыспен қамту → Дербес өмір сүру.

Әр кезеңде адамға не кепілдік берілетіні, қайда жүгіну керектігі және қандай нәтиже шығуы тиіс екені ашық көрсетілуі шарт.

Үшінші: Шығындар мен нәтижелердің бірыңғай картасын жасау.

Барлық министрліктер мен өңірлер бойынша бөлінген қаржының қайда жұмсалып жатқанын ғана емес, нақты нәтижесін бағалау маңызды.

Мысалы, қызмет сапасы жақсарды ма, білім мен жұмысқа қолжетімділік артты ма, табыс өсті ме?

Осы үш шараны біртұтас механизм ретінде қарастыруды сұраймыз. Бұл әр ведомствоның бөлек жұмыс істеуінен адамға түсінікті, әрі нәтиже үшін ортақ жауапкершілік болатын жүйеге көшуге мүмкіндік береді, – дейді Бегалиева.

Бастама өте дер шағында көтеріліп отыр. Бірақ, құзырлы, атқарушы тараптың осы мәселе төңірегіндегі ізденісі мен қорытындысы қандай? Елдіктің, қамқорлық пен ізгіліктің отаны саналатын Қазақстанда ерекше қажеттілігі бар адамдар проблемасы да жоғары деңгейде, тиімді жолмен шешілуі тиіс. Сол себепті де олар үшін айқын жүйе болуы тиіс. Проблема ғана емес, жетістік пен тәжірибе алаңы денсаулығында көп кінәраты бар азаматтар мүддесінде де креативті, ізгілікті, мейірімділік болса игі.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

Кәсіп бастау – бір күндік шешім емес. Оның артында жылдар бойғы еңбек, жинақталған тәжірибе және алға қойған мақсатқа деген табандылық тұрады. Алматы облысында жиһаз өндірісін дамытып отырған Golden Maken компаниясының негізін қалаушы Ермек Каримбайұлы Икласовтың кәсіпкерлік жолы да бірнеше маңызды кезеңнен өтті.

АДАЛ ЕҢБЕК ТАБЫСҚА ЖЕТКІЗЕДІ



1973 жылы дүниеге келген Ермек Каримбайұлы еңбек жолын автожол саласында бастап, бірнеше жыл осы бағытта қызмет атқарды. 2000 жылдардың басында Алматы қаласына қоныс аударғаннан кейін ол кәсіпкерлікке бет бұрып, өзінің жеке ісін бастады. Атап айтқанда 2010 жылы Golden Maken компаниясының негізін қалап, Алматы қаласында жалға алынған ғимаратта жұмысын бастады. Алғашқы кезеңде кәсіпорын жұмсақ жиһаз өндірді. Шағын ұжымнан басталған іс біртіндеп кеңейіп, өндірістік мүмкіндіктері артты.

«Базарда сауда жасап көрдім. Бірақ онда өз өндірісің болған кездегідей алға жылжу болмайды екен», – дейді кәсіпкер Е.Икласов. Оның кәсіпкерлік жолындағы маңызды кезеңдердің бірі – 2008 жылы Шамалған ауылынан 1 гектар жер телімін сатып алуы. Кейін бұл аумақ компанияның өндірістік базасын дамытуға негіз болды. 2014 жылы кәсіпкер алғаш рет Алматы облысындағы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының қолдауына ие болып, қаржыны өндірістік ны-

сан салуға және бизнесті кеңейтуге бағыттады. 2016 жылы «Даму» қорының жеңілдетілген несиесі арқылы екінші рет қолдау алып, қажетті құрал-жабдықтарды сатып алуға және айналым қаражатын толықтыруға мүмкіндік алды. Былтыр өндірістегі бірқатар құрал-жабдықтардың ескіруіне байланысты кәсіпорын өндірісті жаңғырту үшін қайтадан мемлекеттік қолдауға жүгінген еді. Алматы облысындағы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының «Өрлеу» бағдарламасы аясында компания 12,6 пайыздық мөлшерлеменен Bereke банк арқылы үшінші рет қаржылай қолдауға ие болды.

Ермек Каримбайұлының айтуынша, «Даму» бағдарламасының басты артықшылықтарының бірі – кәсіпкерлерге тиімді шарттармен және төмен пайыздық мөлшерлеменен қаржылануға мүмкіндік беруі. Бүгінде Golden Maken – жиһаз өндірісінің толық циклін жолға қойған кәсіпорындардың бірі. Мұнда жиһаздың алуан түрлері өндіріліп, тұтынушы сұранысына сәйкес жеке тапсырыстар да қабылданады. Кәсіпорында 25 адам еңбек етеді, ал

өндірістік базаның жалпы аумағы 4 мың шаршы метрді құрайды. Компания есік, баспалдақ, үстел, орындық, асуы жиһазы, жатын бөлме жиһазы, балаларға арналған сырғанақ, кіреберіс жиһазы және басқа да өнім түрлерін шығарады.

Golden Maken өндірістік қызметін растайтын СТ-KZ индустриялық сертификатына ие. Сонымен қатар компания қазақстандық тауар өндірушілер тізіліміне (КТП) енгізілген. Бұл кәсіпорынның Қазақстан аумағында өнім өндіретін отандық тауар өндіруші ретіндегі мәртебесін көрсетеді. Компания өнімдерін Қазақстанның ірі қалаларымен қатар, ТМД елдеріне де экспорттайды. Golden Maken-нің Озбекстан, Тәжікстан және Қырғызстанмен, сондай-ақ Германиямен іскерлік байланыстары қалыптасқан. Golden Maken өнімдерін Алматы қаласындағы «Армада» сауда үйінен де табуға болады.

Кәсіпорын жеке тапсырыстармен қатар ірі көлемдегі тапсырыстарды орындауға да қауқарлы. Компания өндірістік қызметпен қатар қайырымдылық бағытындағы бастамаларға да тұрақты түрде қатысып, мұқтаж жандарға көмек көрсетіп келеді. Ермек Икласовтың пайымдауынша, кәсіпкерлік жолдағы басты қағида – адал еңбек, табандылық және шығындарды тиімді басқару.

«Ең бастысы – адал еңбек ету керек. Тылбай еңбектенген кезде ғана нәтиже болады. Бұл іспен айналысып келе жатқаным 16 жыл болды, ал жеке өндірісімді ашқаным 10 жылдан асты. Инфляцияға қарамай, өз ісінді дамытуға ұмтылу керек», – деген кәсіпкер жаңадан кәсіп бастап жатқандарға өндірістің өзіндік құнды дұрыс есептеп, шығындарды тиімді басқаруға кеңес береді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ІСКЕР АЙМАҚ

КӘСІПКЕРЛЕР ҮШІН ПАЙЫЗДЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ ТӨМЕН

Іскер аймақ – «Даму» қоры арқылы іске асырылатын кәсіпкерлерге пайыздық мөлшерлемені төмендетуге арналған бағдарлама. Оның қатысушылары: микро және шағын кәсіпкерлік субъектілері және әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері.

Берілетін несиенің сомасы – 200 млн теңгеге дейін. Бұл қаржы инвестициялар, айналым қаражатын толықтыру мақсатында беріледі. Субсидиялау мерзімі 3 жылға дейін.

Бағдарламаға қатысушылар экономикалық басым салаларға қаражат ала алады. Оның ішінде – өңдеу өнеркәсібі, IT және туризм саласы бар. Одан бөлек, облыстың аудандарына жеке 6 басым саладан қосылды. Сіздің бизнесіңіздің орналасқан мекенжайына қарай субсидиялау салалары да әртүрлі болуы мүмкін. Толығырақ ақпаратты «Даму» қорының ресми сайты damu.kz-тен біле аласыздар немесе 1408 бірыңғай байланыс орталығының телефоны арқылы қолжетімді. Мұнда сондай-ақ, әлеуметтік кәсіпкерлерге көбірек қолдау көрсетіледі. Олар үшін салалық шектеулер алынып тасталынды, яғни кез келген кәсіп түріне қаржы алу мүмкіндігі бар, ал субсидиялау мөлшері сыйақының номиналды

мөлшерлемесінің 50 пайызы деңгейінде белгіленді. Бағдарламаның қалған қатысушылары үшін бұл көрсеткіш 40 пайызды құрайды.

Инвестицияларға қойылатын талаптар да өзгерді. Кәсіпкерлер жабдықтарды, техниканы, көлікті, құрылыс материалдарын және басқа да активтерді тиісті тізілімге енгізілген қазақстандық өндірушілерден сатып алуы тиіс. Егер қажетті тауар тізілімде болмаса, оны басқа өндірушілерден сатып алуға жол беріледі. Бағдарламаға қатысу үшін кәсіпкер, «Даму» қорының серіктесі болып табылатын екінші деңгейдегі банкке, қаржыландыру алу үшін өтінім береді. Қаржыландыру мақұлданғаннан кейін жеке субсидия беру туралы шешім қабылдау және қарау үшін «Даму» қорына жолданады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ОҢ ҚАДАМ

2 378 ҚАНДАСҚА КВОТА БЕРІЛДІ

2026–2027 оқу жылында ұлты қазақ шетел азаматтарына арналған 4 пайыздық мемлекеттік білім беру квотасы бойынша Қазақстанның жоғары оқу орындарына 2 497 грант бөлінген болатын. Оның игерілу деңгейі 95,2 пайызды құрап, бөлінген 2 497 гранттың 2 378-і игерілді.

Отандастар қорының хабарлауынша, бұл 4 пайыздық мемлекеттік білім беру квотасы тарихындағы ең жоғары көрсеткіш болып отыр. Биыл бөлінген орындардың басым бөлігі техникалық, жаратылыстану, математикалық және педагогикалық бағыттарға тиесілі.

Егер соңғы бес жылдағы квота бойынша грантқа түскендер саны мен игерілу көрсеткіштерінің динамикасына көз жүгіртер болсақ 4 пайыздық игерілу деңгейі 2022–2026 жылдары – 22,40-тан 95,26 пайызға ұлғайып отыр. Бұл соңғы жылдары қабылданған нақты шаралардың нәтижесі. 2023 жылға дейін бөлінген гранттардың игерілу деңгейі 40 пайызға да жетпейтін. Оның басты себебі – шетелдегі қандастар тұратын елдерде қазақ тілінде толыққанды орта білім беретін мектептердің тапшылығы, білім беру бағдар-

ламаларының сәйкессіздігі, Қазақстан тарихы пәнінің шетелде оқытылмауы, сондай-ақ Ұлттық бірыңғай тестілеуде (ҰБТ) барлық пәннен шекті балл жинау талабы еді. Отандастар қоры мен ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің жұмыс тобының үйлесімді әрекеті нәтижесінде 2024 жылы маңызды нормативтік өзгеріс қабылданып, қандас талапкерлер үшін әр пән бойынша шекті балл талабы алынып тасталды. 2025 жылдан бастап қандас талапкерлер тек үш пәннен – оқу сауаттылығы және екі бейінді пәннен тест тапсыратын болып белгіленді. Осы жеңілдіктердің нәтижесі бірден байқалды: егер 2023 жылы 801 қандас грант иегері атанса, 2024 жылы бұл сан 1 604-ке, 2025 жылы 2 138-ге, 2026 жылы 2 378-ке жетті.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

ТАРАТУ

3. Заң консультанттары Палатасы «Опытные юристы» (БСН 181240006152) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Исаева көшесі, 15-үй, 76-кеңсе, тел. +7 701 799 44 07.

4. «Big Almaty Group» Коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің Ақтау қаласындағы филиалы (БСН 180141037449) (Ақтау қаласы, 29-ықшам-ауданы, 228-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 94 69.

5. «Big Almaty Group» Коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің Ақтөбе қаласындағы филиалы (БСН 180141031221) (Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Әлия Молдағұлова даңғылы, 46-құрылыс, 306/3-кеңсе) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 94 69.

6. «Big Almaty Group» Коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің Өскемен қаласындағы филиалы, БИН 180141031856 (Өскемен қаласы, Бейбітшілік көшесі, 30 үй, 306-кеңсе) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 94 69.

7. «Big Almaty Group» Коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің Астана қаласындағы филиалы (БСН 180141031425) (Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Амангелді Иманов көшесі, 19-ғимарат, 504/с кеңсе) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 94 69.

8. «Big Almaty Group» Коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің Атырау қаласындағы филиалы (БСН 180141030471) (Атырау қаласы, Азаттық даңғылы, 76А үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 94 69.

9. «Big Almaty Group» Коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің Қарағанды қаласындағы филиалы (БСН 180141033021) (Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы аудан, Гоголь көшесі, 34-ғимарат, н.п. 4) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 94 69.

10. «Big Almaty Group» Коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің Көкшетау қаласындағы филиалы (БСН 210941017917) (Көкшетау қаласы, Б.Момышұлы көшесі, 41А ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 94 69.

11. «Big Almaty Group» Коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің Қостанай қаласындағы филиалы (БСН 220641030866) (Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 119-үй, 405А үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 94 69.

12. «Big Almaty Group» Коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің Қызылорда қаласындағы филиалы (БСН 180141032011) (Қызылорда қаласы, Скатков Фима көшесі, 107А үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 94 69.

13. «Big Almaty Group» Коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің Павлодар қаласындағы филиалы (БСН 180141030987) (Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 23-құрылыс), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, г.Алматы, 160Б. Тел. +7 727 339 94 69.

14. «Big Almaty Group» Коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің Семей қаласындағы филиалы (БСН 180241021307) (Семей қаласы, Шугаева көшесі, 4-үй, 202), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 94 69.

15. «Big Almaty Group» Коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің Талдықорған қаласындағы филиалы (БСН 180141032223) (Талдықорған қаласы, Ақын Сара көшесі, 137-үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 94 69.

16. «Big Almaty Group» Коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің Тараз қаласындағы филиалы (БСН 180141031330) (Тараз қаласы, Қазыбек би көшесі, 111-үй, 311), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 94 69.

17. Орал қаласындағы «Big Almaty Group» Коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің филиалы (БСН 180141031474) (Орал қаласы, Мұхит көшесі, 112-құрылыс) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар

хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 94 69.

18. «Big Almaty Group» Коллекторлық агенттігі» ЖШС-нің Шымкент қаласындағы филиалы (БСН 180141031152) (Шымкент қаласы, Абай ауданы, Темірлан тасжолы, 6А ғимарат, 307) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 160Б. Тел. +7 727 339 94 69.

19. «SAM group-2022» ЖШС (БСН 220740041861) (Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы, Әбдіров даңғылы, 36/3-құрылыс), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Түркістан көшесі, 16, 2303-кеңсе. Тел. +7 705 622 28 30.

24. Алматы қаласындағы «Linkage&Mind» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы (БСН 101041000602), мекенжайы: ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби көшесі, 7-үй, «Нұрлы-Тау» БО, 5А блогы, 122-кеңсе, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Д. Қонаев көшесі, 12/1, ВП31.

25. Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасы қарамағындағы «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ветеринария басқармасының «Орал қалалық ветеринариялық станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, Ақсай көшесі, 39/2-үй, индекс 090000 (БСН 230240045608) тел. +7 7112 502065, +7 7112 260822.

26. Батыс Қазақстан облысының ветеринария басқармасы қарамағындағы «Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ветеринария басқармасының «Бөрлі аудандық ветеринариялық станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің таратылатындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Батыс Қазақстан облысы, Бөрлі ауданы, Ақсай қаласы, Юбилейная көшесі, 12-үй, индекс 090300 (БСН 230340003587) тел. +7 711 133 20471, +7 7112 260822.

27. «Қалдаяқова 41» Мүліктің меншік иелері бірлестігі (БСН 220240020716) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қалдаяқов көшесі, 41-үй, 49-пәтер.

29. «ЛРКЗ» ЖШС (БСН 220540037478) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050000, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Гоголь көшесі, 253/1-ғимарат. Тел. +7 771 742 40 52.

30. «БетонМикс» ЖШС (БСН 181140010870) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-арыздар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, 021700, Ақмола облысы, Бурабай ауданы, Щучинск қаласы, Оқжетпес көшесі, 175-үй. Тел. 8 747 752 07 39.

31. «Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының Бөкей ордасы ауданы білім беру бөлімінің «Балдаурен» бөбекжайы» мемлекттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (БСН 071140004655) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Бөкейордасы ауданы, Бөрлі ауылы, Б.Ғұбашев көшесі, 4-ғимарат. Тел. 8 705 590 80 61.

32. «RS Solution» ЖШС (БСН 171140020370) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Щепеткова көшесі, 63-үй.

33. «ПРОГРЕСС» ЖШС (БСН 980140005620) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 100300, Балқаш қаласы, Шашубай Қошқарбаев ықшамауданы, 7А үй, тел. +7 747 275 75 20.

34. Балқаш қаласының «Ауғанстан соғысы ардагерлерінің және мүгедектерінің жауынгерлік бауырластығы» (БСН 090840000556) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 100300, Балқаш қаласы, Балқаш-1 станциясы, 72а-1-үй, тел. +7 707 983 69 70.

35. «Ozen 2026» ЖШС (БСН 260940001805) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: 111100, Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Тобыл қаласы, Алтынсарин ықшамауданы, 10-үй.

36. «Энергоспецмонтажно-наладочное управление» ЖШС (БСН 991140003679) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Кабулов көшесі, 209-үй. Тел. +7 701 526 37 29.

37. «№48 жалпы орта білім беретін мектебі камкоршылар кеңесі» қоғамдық қоры (БСН 200140012444) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ойтал ауылы, Достық көшесі, 19, байланыс тел. 4-36-67.

ӘРТҮРЛІ

21. Алматы қаласы Бостандық аудандық сотының (Орбита-2 ықшам ауданы, 20А үй, судья А.А. Сабиржанова) ұйғарымымен Алматы қаласы, Санаторий Алматы көшесі, 1-үй мекенжайында тұратын Баймаканова Гулайхан Едгеснаның арызы бойынша азамат Баймаканов Елге Абеуовичті, 1944 жылғы 23 маусымда туған, Алматы қаласында тұрған (1997 жылы үйінен шығып кеткен), қайтыс болды деп тану туралы іс қозғалды. Баймаканов Елге Абеуовичтің қайда жүргені туралы мәліметтері бар тұлғалар болса хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзім ішінде сотқа хабарласуы тиіс. Тел. 8 727 333 12 21.

22. «Атбасар ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 130640003666) бөліну жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Қайта ұйымдастыру нәтижесінде «Атбасар ауданының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Атбасар ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі құрылады. Кредиторлардың талаптары екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Атбасар қаласы, III. Уәлиханов көшесі, 9, «Атбасар ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесі. Тел. 8 716 432 67 57.

23. «KazAzot GreenToken» ЖШС (БСН 250940008464) Серіктестік қатысушыларының 2026 жылғы 8 қыркүйектегі №13 кезектен тыс жалпы жиналысының хаттамасы негізінде Серіктестіктің жарғылық капиталының мөлшері азайтылғанын хабарлайды. Серіктестіктің жарғылық капиталы 34 000 000 (отыз төрт миллион) теңгеден 3 850 000 (үш миллион сегіз жүз елу мың) теңгеге дейін азайтылды. Серіктестіктің кредиторлары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Серіктестікке жазбаша түрде талаптарын мына мекенжай бойынша ұсынуға құқылы: ҚР, Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, Өнеркәсіптік аймақ 6, 150-ғимарат, тел. 8 7292 579 961. Осы хабарландыру Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңының 27-бабы 4-тармағына сәйкес орналастырылады.

28. Жария тыңдаулар өткізу туралы хабарландыруды Уәкілетті мемлекеттік орган атынан Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі – ҚР ДСМ) арнаулы құқық субъектісі - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – РЭДСО РМК) іске асыратын қызметтерге бағаларды жоспарланып отырған бекітуге жария тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Қызмет түрлері:

- «Электрондық денсаулық сақтау» цифрлық платформасын сүйемелдеу жөніндегі қызметтер;
- «Электрондық денсаулық сақтау» цифрлық платформасын құру жөніндегі қызметтер;
- «Электрондық денсаулық сақтау» цифрлық платформасын дамыту жөніндегі қызметтер.

Жария тыңдаулар өткізу 2026 жылғы 9 қазанда сағат 10:00-де ҚР, Астана қ., Қабанбай батыр к-сі, 17, 7-кабат, 714 конференц-зал мекенжайы бойынша жоспарланып отыр.

Байланыс телефондары және интернет-ресурстың мекенжайлары: ҚР ДСМ: тел.: 8712743432, minzdrav@dsm.gov.kz РЭДСО РМК: тел.: 8712574440, office@ezdrav.kz

38. «Urban Properties» ЖШС (БСН 230840033884) өзінің жарғылық капиталының төмендегені туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Самал шағынауданы, 12-ғимарат, 5-кабат. Тел. 87016391109.

40. Атырау облысы Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «№1 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі орталықта тәрбиеленіп, қайтыс болған төменде тізімде көрсетілген қызмет алушылардың Атырау қаласы «Еуразия» АҚ банкісіндегі жеке есепшотындағы қалдық ақшаларын алу үшін мұрагерлік іс ашуға мұрагерлерін тауып, табылмаған жағдайда мемлекеттік бюджетке аударатынын хабарлайды.

Осыған байланысты мұрагерлердің мына мекенжайға хабарлаулары сұралады.

Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылы, Е.Шәкіліков көшесі, 38 үй.

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы	Орталыққа келген күні	Қайтыс болған күні	Бұрынғы мекенжайы
1.	Заремба Людмила Григорьевна	03.06.1959ж.	19.10.1975ж.	28.08.2025ж.	Алматы облысы, Талдықорған ауданы, балалар үйі
2.	Дмитренко Виктор Васильевич	28.07.1959ж.	19.10.1975ж.	06.08.2026ж.	Алматы облысы, Талдықорған ауданы, балалар үйі

МҰРАГЕРЛІК

2. 31.03.2026 ж. қайтыс болған Әбілов Рзахмет Шалабайұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г.Д.Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, нөмерсіз. Тел. 8 702 819 64 73.

20. 06.04.2026 ж. қайтыс болған Әбдіқұлов Жаңабай Кенжесарыұлының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г.Д.Палымбетоваға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, С.Сейфуллин көшесі, нөмерсіз. Тел. 8 702 819 64 73.

БАНКРОТТЫҚ

39. Қарағанды қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 11.09.2026 жылғы ұйғарымымен «INSAN Construction» ЖШС-нің (БСН 100340006505) банкроттығы туралы іс бойынша іс жүргізу қозғалды.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.:
8 (708) 929-98-74

Е-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Profy Agency kz» ЖК
Тел. 8 707 280 09 12, 8 705 185 75 73, 8 747 280 09 12, 8 701 739 27 83, 8 707 895 21 99
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60, 509-кеңсе, e-mail: zaninfo@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 4Б көшесі, 2-кабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-кабат, Көк базар ауданы, тел: 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7212) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. /факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиаскаров Нурлан Нургисинович ЖК, Петропавл қаласы, К. Сүтүшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-кабат. Тел. : 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (7170) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158а, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел. : 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС директор: Кривилова Татьяна Ивановна Шымкент

БАЙҚАУҒА!

(Жалғасы. Басы өткен санда)

Жарты сағаттан соң Бауыржанды полиция бөліміне алып келді. Таңға дейін тергегеннен кейін, Абылайдың көкейіндегі басты жұмбақ одан сайын күрделене түсті. Полковник енді басты назарды қазіргі кезде аты дүркіреп тұрған құрылыс компаниясына аударды. Ол саяжайды соққан «Алатау Эко-Строй» фирмасының артында әлдеқайда жойқын, қауіпті құпия жатқанын сезінгендей болды.

Абылай Медеудегі қаралы үйге таңғы суықта қайта соқты. Үйдің қабырғасын саусағымен ұстап тұрып,

отырған. Цифрлық әлемде бұл компания – нонсенс!

Абылайдың қабағы түйіліп кетті. Электронды әлемде ізі жоқ компания – бұл кездейсоқ емес. Демек, жау өте сауатты әрі ресурстары шексіз.

– Түсіндім, балам. Рақмет саған. Әзірше бұл ізді тоқтата тұр, өзіңе қауіп төндіріп алма.

– Папа, абайлашы... Олардың цифрлық қорғанысы соншалықты мықты болса, шынайы өмірде де өте қауіпті деген сөз.

Медғатпен сөйлескен соң Абылай

жер телімінің тарихын жатқа білетін маман еді.

Оның жанында жас маман, архивтік шифрларды бес саусағындай білетін архивші Нұрлан тұрды.

– Абылай Әзімханұлы, сіздің ПД-дан жіберілген шұғыл сұранысыңызды алдық, – деді Клара Серікқызы үстел үстіндегі біраз папканы көрсетіп.

– Бірақ шынымды айтсам, сіз іздеген «Алатау Эко-Строй» фирмасының Медеу ауданындағы құрылыс рұқсаттары өте жұмбақ түрде жойылып кеткен.

– Сонда ешқандай құжат жоқ па? – деп сұрады Абылай.

едік. Ол шатқал ресми түрде ешқандай картада аталмайды. Бірақ 1937 жылғы жабық архив папкасында ол жер «Сай-37» деген атпен өтеді. Ол жерде кезінде НКВД-ның арнайы тергеу лагері мен репрессияға ұшырағандарды жерлеген орын болған.

Нұрлан үстелге ескі, шеті мүжілген әскери картаны жайды.

– Полковник мырза, біз тағы бір маңызды нәрсені таптық, – деді Нұрлан картадағы қызыл қарындашпен белгіленген нүктені нұсқап. «Алатау Эко-Строй» бұл қарағайларды шет елден

сала қарады. Ол үйден бес жүз метрдей жерде, қалың қарағайдың тасасында орналасқан жалғыз байырғы ағаш үйге қарай аяндады. Аулада ескі сәкіде жасы сексенді алқымдаған, үстіне қалың шекпен киген сақалы аппақ қария жалғыз шай ішіп отыр екен.

Кезінде осы тау аңғарында орманшы болып істеген Сәрсен ақсақал Абылайға бастан-аяқ сынай қарап, сабырмен сөз бастады.

– Кел, шырағым, отыр, – деді қария.

– Көрші үйдегі құпия істердің ізімен жүрсің ғой?

– Армысыз, ақсақал? Полиция қызметкерімін. Атым Абылай. Иә... Сол үйдің айналасында не болып жатқанын түсіне алмай жүрмін. Жұрттан бұл жердің бұрынғы тарихын білетін, көнекөз көкірегі даңғыл қария деп естіп арнайы өзіңізді іздеп келдім.

Сәрсен ақсақал тостағанын төмен түсіріп, асықпай тау басына көз жіберді. Оның жүзінде ауыр, қараңғы бір естелік жылт етті.

– Е, кәрі қойдың жасындай жасым калғанда, жасырып-жабар ештеңем жоқ. Бұл жердегі қарғыс кеше-бүгін басталған жоқ, балам... – деді ол дауысын бәсеңдетіп. – Өйткені мына шатқалдың арғы түкпірінде, күн түспейтін «Қаралы сай» деген жер бар. Ол жерге кезінде ел аяқ басуға қорқатын. Себебі жұртқа белгілі «Қара Мұрат» деген сонда тұрды. Репрессия жылдарындағы Адамдарды азаптап, денелерін сонда көмгенін көнекөздерден естіп-білдік. Ондағы іздерді өшіру үшін үстіне ағаш еккен. Сондықтан топырақ азап пен уға бөккен.

Абылай ден қоя тыңдап отыр.

– Ол ағаштардың мына үйге не қатысы бар, ақсақал?

– Осыдан он жыл бұрын бір құрылыс компаниясының ауыр техникалары дәл сол «Қаралы сайға» жол салып, ешкім жоламайтын сойқан ормандарды кесе бастады, – деді Сәрсен ақсақал. – Мен сонда компанияның өкілдеріне бардым. «Ол жердің топырағы зауалды, ол ағашты кеспендер, ол үй салуға жарамайды!» деп ескерттім. Олар мені ақымақ шал деп ойлап, қуып шықты...

Абылай Сәрсен ақсақалдың сөздерінен кейін ауыр ойға батты. Қолда бар айғақтар бірін-бірі толықтыра түсті: Бауыржан – бас пайдасын ойлаған тұрмыстық алаяқ. Ал үйдің өзіндегі сұмдық – «Қаралы сайдағы» ағаштардан салынған құрылыста жатыр.

Полковник үлкен іске бел шеше кірісті. Тау ішіне түн қорғасындай ауыр түсті. Шатқалдың арғы бетінен соққан салқын жел қарағай бұтақтарын ысылдатып, бейне бір арандай ашылған Қаралы сайдың тынысын сездіргендей. Абылай қызметтік тапаншасының оқтаулы екенін тексеріп, белдігіне бекітті. Қалың бұталардың арасымен ілгері жылжыды.

Сайдың аузы биіктігі үш метрлік тікенек сыммен қоршалған, ал іште – ең соңғы үлгідегі қозғалыс датчиктерімен жабдықталған мұздай күзет. Шарбақ бойымен қолында автоматтары бар, қара маска киген екі күзетші баяу өтті. Абылай күзетшілердің бұрылыстағы қараңғы аймаққа өтуін күтіп, сымның астынан сытылып өтті. Мұндағы қарағайлардың діңі бұраңдап, қабықтары қарайып, бейне бір азаптан бұратылған адамның денесі сияқты сорайып тұр. Ауада танауды жаратын, зертханадағы сияқты қышқылтым-ащы иіс мүнкiп тұр.

Абылай ағаштардың арасымен ілгерілей отырып, шатқалдың ортасындағы ескі, бетоннан соғылған ангар тәріздес құрылысқа жақындады. Түнгі ай жарығында ангардың кіреберісіндегі тақтадан «Алатау Эко-Строй» деген жазуды байқап қалды. Жасырын желдеткіш тесігіне жақындап, ішке үңілгенде Абылайдың төбе шашы тік тұрды. Арнайы қорғаныс киімін киген қалың жұмысшылар қауырт жұмыс істеп жатқанын көрді.

Аршын НҰРБАҚЫТ

(Жалғасы бар)

Астанада тұратын ұлы Медғатты ойлады.

Медғат – жиырма екі жастағы IT-маман. Астанадағы ірі киберқауіпсіздік компаниясында аналитик болып істейді. Әкесі сияқты дене күшіне емес, сандық әлемнің логикасына сенетін, алгоритмдердің тілін кәсіби деңгейде меңгерген жігіт. Абылай ұлының бұл қабілетін әрдайым мақтан тұтатын, бірақ оның жұмысына сирек араласатын. Бұл жолы жағдай мүлдем баска еді.

Абылай телефонын алып, Медғатқа қоңырау шалды. Астанада таң жана атып келе жатқан еді.

– Ало, папа? Таң атпай аманшылық па? – Тұтқадан Медғаттың ұйқылы, бірақ жылы дауысы естілді.

– Балам, айып етпе, ұйқыңды бөлсем. Маған сенің кәсіби көмегің ауадай қажет болып тұр, – деді Абылай байсалды түрде. – Астанада жүріп Алматыдағы бір құрылыс фирмасының цифрлық ізін тексере аласың ба? Серверлері, иелері, офшорлық шоттары... Маған ресми тіркеуде жоқ, тасадағы ақпарат керек.

Медғаттың ұйқысы шайдай ашылып кетті. Клавиатураның жылдам басылған сытырлаған дыбысы естілді.

– Қандай фирма, папа? Атын айтшы.

– «Алатау Эко-Строй». Алматыда элиталық ағаш үйлер салады.

– Жақсы, жарты сағат уақыт бер. Базаларды ақтарып көрейін.

Абылай телефонды қолына ұстап, саяжайдың ауласында ары-бері жүрді. Ол Медғаттың бұл істі тез арада шешіп беретініне үміт артты. IT саласының мүмкіндігі шексіз ғой.

Арада отыз бес минут өтті. Телефонның арғы жағынан дауысынан таңданыс пен реніш қатар байқалды.

– Папа... Мұнда бір өте ағаш нәрсе бар, – деді Медғат.

– Не таптың, балам?

– Ештеңе таба алмадым! Дәл осы – ең сорақысы! «Алатау Эко-Строй» фирмасының ресми сайты бар, бірақ оның артындағы серверлері Қазақстанда да, тіпті кәдімгі ашық интернетте де орналаспаған. Мен олардың IP-мекен-жайларын бақылап көрмек болып едім, сұранысым бірден Еуропадағы шифрланған серверлерге тіреліп, бұғатталып қалды. Мұндай қорғанысты қарапайым құрылыс компаниялары ешқашан қолданбайды!

– Яғни, сен ішке кіре алмадың ба?

– Кіре алмадым деу аз, папа. Мұнда жоғары деңгейдегі, арнайы дайындалған шифрлау алгоритмдері тұр. Олардың базасына бұзып кіру үшін маған Ұлттық қауіпсіздік комитетінің арнайы серверлік қуаты мен бірнеше күн уақыт керек. Кім болса да, олар өздерінің цифрлық ізін айнадай тазалап

терең ойға батты. Сандық технология сыр берген жерде, ескі, дәстүрлі полициялық әдістерге көшу керек. Электронды архивтер өшірілуі мүмкін, бірақ сарғайған қағаздар мен сиямен жазылған архивтік тіркеулерді құрту оңай емес.

Полковник бірден Алматы қалалық және облыстық Орталық мемлекеттік архивпен байланысып, сұранысын нақтылап, екі күннен кейін баратынын ескертті. Осы аралықта бұл құрылыс фирмасының салған үйлерінен тағы да жұмбақ қазалар мен психикалық ауытқушылыққа ұшыраған бірнеше оқиғаны анықтады. Бұл бақытсыздыққа тап болғандардың дені лауазымды мансаптылар болып шықты.

Жауапты қазметкерлерге арнайы ордерін көрсетіп еді, олар архивтің құпия құжаттар тұратын – ғимараттың астыңғы қабаттына, дымықыл ескі қағаз иісі аңқыған тыныш бөлмесіне қарай бастады. Онда ондаған жыл бойы жиналған жер телімдерінің, құрылыс рұқсаттарының және заңды тұлғалардың тіркеу кітаптары сақталған.

Абылайды архивтің сирек кездесетін құжаттар бөлімінің меңгерушісі, өмірінің соңғы қырық жылын осы қағаздар арасында өткізген тәжірибелі архивист Клара Серікқызы қарсы алды. Көзілдірігінің үстінен сынай қарайтын бұл кісі қаланың әрбір көшесінің, әрбір

– Компьютерде жоқ, – деді жас архивист Нұрлан әңгімеге араласып.

– Мен таңертеңнен бері барлық базаны қарап шықтым. Біреу соңғы екі жылдағы электронды файлдарды әдейі тазалап шыққандай. Бірақ Клара Серікқызы екеуміз 1990 жылдардағы және 2000 жылдардың басында қолмен жазған тіркеу кітаптарын көтердік. Сарғайған қағазды хакерлер бұза алмайды ғой!

Клара Серікқызы үлкен, қалың түптелген журналды ашты. Оның саусақтары ескі қағаздың беттерін ақырын аударып отырды.

– Абылай, міне, қараңыз, – деді ол лупаны беріп. – 2015 жылы Медеу бөктерінен «Алатау Эко-Стройға» бөлінген жер телімінің бастапқы құжаты. Бұл жер бұрын ресми түрде «орман шаруашылығының қоры» деп есептелген. Бірақ осы құрылысқа рұқсат беретін сәтте, архивтік картаға бұрын болмаған бір сілтеме жазылған. Қараңызшы, шетінде сиямен кішкентай шрифтпен: «№37 аймақ, қаралы сай – арнайы статус» деп жазылған.

– «Қаралы сай»? – Абылай сұраулы жүзбен қадала қарады.

– Иә, – деді Клара Серікқызы байыпты түрде. – Бұл аймақтың тарихы өте ауыр. Нұрлан екеуміз 1930–1945 жылдардағы НКВД мен арнайы объектілердің картасын салыстырып көріп

тасымалдамаған. Олар осы «Қаралы сайдағы» жабық аймақтың өзінен кесіп алған! Ал ол жердің құжаттарына 1943 жылы қол қойған НКВД бастығының тегі – Мұратов!

– Мұратов?.. – Абылайдың көз алдынан бәрі тізбектеліп өте шықты.

– Иә, – деді Клара Серікқызы басын изеп. – Ел ішінде «Қара Мұрат» атанған майор Мұратов. Сталиндік террор жылдарында айналасына азап пен озбырлық жасаған қатігез тиран. Ал қазіргі «Алатау Эко-Строй» компаниясының құрылтайшысы болып тіркелген Арман Мұратұлы – сол «Қара Мұраттың» туған немересі!

Абылай үстелге сүйеніп, картаға үңілді. Компьютерлік базадан өшірілген, цифрлық әлемде жоқ болып көрінген компанияның тамыры, сарғайған архивтік қағаздардың арасынан, қанды тарихтың түбінен суыртпақтап шыға келді.

– Клара Серікқызы, Нұрлан... Сіздерге мың алғыс, – деді Абылай папканы жауып жатып. – Сіздер қаланың ең үлкен құпиясының бетін аштыңыздар.

Абылай архивтің салқын астыңғы қабатынан сыртқа шықты. Күзгі Алматының салқын ауасы бетін шарпыды. Абылайдың көкейіндегі басты жұмбақ әлі шешілмеген еді.

Түс ауа Абылай Медеудегі қаралы үйге қайта оралды. Айналаға зер

КӨЛЕНКЕДЕГІ ТАМЫР



ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
	Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
8 708 929 9874, zanmedia.kz

E-mail: zanreklama@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 6414 дана
Апталық таралым 12828 дана

Тапсырыс № 138 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8(727) 51-78-31